



ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚАТЫСУЫМЕН ӨТЕТІН АЛДАҒЫ ІС-ШАРАЛАР АҢДАТПАСЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың шақыруымен 2-3 тамыз күндері Конго Республикасының Президенті Дени Сассу-Нгессо Қазақстанға ресми сапармен келеді.
 7-8 тамыз күндері Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзиёевтің елімізге мемлекеттік сапары болады.
 9 тамыз күні Астанада Орталық Азия мемлекеттері басшыларының алтыншы Консультативтік кездесуі өтеді.

КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ ҚАЖЕТ



Биыл мамырда елдегі коммуналдық қызмет ақысы айтарлықтай қымбаттады. Ranking сараптама орталығының мәліметтеріне сүйенсек, 2024 жылдың мамыр айында суық су бағасы жылына 35,9%, су бұру қызметтері – 43,9%, электр энергиясы – 31,4%, орталық жылыту – 33%, ыстық су 35%-ға өскен. Қазір инфляция деңгейі – 8,5%. Ал коммуналдық саладағы бұл қымбатшылық елдегі тауар мен қызмет бағасының жалпы өсімінен бірнеше есе асып түсті.

(Жалғасы 4-бетте)

ҚАРЖЫ ИНСТИТУТТАРЫНЫҢ КҮШ-ЖІГЕРІН БІРІКТІРУ КЕРЕК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Астана» халықаралық қаржы орталығының басқарушысы Ренат Бектұровты қабылдады.

Президентке орталықтың биылғы бірінші жартыжылдықтағы қызметінің негізгі нәтижелері және алдағы кезеңге жоспары таныстырылды.

Ренат Бектұровтың айтуынша, бүгінде Қаржы орталығы арқылы Қазақстанға 12 миллиард доллардан астам инвестиция тартылған. Бұл 2025 жылға белгіленген максатты көрсеткіштен асып түседі. АХКО құрылған сәттен бастап оның қатысушылары бюджетке 115 миллиард теңге салық төледі. Оның 29,8 миллиард теңгесі осы жылдың бірінші жартыжылдығында түскен. Қаржы орталығына қатысушылар санының артуы мен компаниялар қызметінің жандануы салық түсімдерінің ұлғаюына негізгі себеп болып отыр.

2024 жылдың алғашқы алты айында Орталыққа 500-ден астам компания қосылды. Бұл қатысушылардың жалпы

санын 3 мыңға дейін арттыруға және жана жұмыс орындарын ашуға айтарлықтай ықпал етті. Биылғы екінші тоқсанның соңындағы есеп бойынша АХКО юрисдикциясындағы компаниялар 7 600-ден астам жұмыс орнын ашты.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа «Астана» халықаралық қаржы орталығының бизнес-қоғамдастықты қолдауға бағытталған шаралары туралы айтылды. Ренат Бектұров биыл маусым айында AIFC Community бастамасы аясында алғашқы іс-шара өткенін хабарлады. Сондай-ақ биыл 5-6 қыркүйекте болатын дәстүрлі Astana Finance Days 2024 шарасына дайындық барысын баяндады.

Президент Қаржы орталығын одан әрі дамыту бағытында бірқатар міндет жүктеді. Атап айтқанда, ел экономикасына инвестиция тарту үшін АХКО инфрақұрылымын белсенді пайдалана отырып, барлық мемлекеттік орган мен қаржы институттарының күш-жігерін біріктіру қажет екенін атап өтті.

КҮНБАҒЫС МАЙЫ ҚЫМБАТТАЙ МА?



Елімізде күнбағыс майы қымбаттауы мүмкін. Өйткені зауыттарда оның қоры қалған жоқ. Ал Ұлттық статистика бюросы оны бар деп есеп беріп отыр. Сонда Үкімет шынайы жағдайды жасырғысы келіп отыр ма? Саланың одан да басқа проблемасы қандай?

(Жалғасы 4-бетте)



Асыл іс атқарылса адалынан

Не шенділерден, не қорлардан қажетті көмек ала алмаған қарапайым азаматтар бұқараға жалына жүгініп, жылуды өз бетінше жинауға мәжбүр. Дәл осы кезде оларға волонтерлер, әлдебір қорлар шығып, қаражат жинауға көмектесуді ұсынады. Мүмкіндігі шектеулі балалары бар ата-аналардың чаттарында айтылатындай, аты ерікті болғанымен, қорлардың көбі тегін қызмет көрсетпейді, жиналған қаржының үлкен бір бөлігін өзінде қалдырады.

» 5

АҢЫЗ БАТЫРДЫҢ АБЫЗ ҰРПАҒЫ



6 БЕТ

Ел азаттық алған сағаттан бастап тарихтың толқынымен жыраққа ауған қазақ баласы да байырғы баба мекенге қарап елеңдеп, көк Тудың түбіне топтасуды мұрат тұтты. Атажұртты бетке алған қазақтың алғы легінің ішінде ел деп еңіреп өткен, кешегі аңыз баба Зуханың ұрпағы Шыңғысхан қажы да бар еді.

КӨШЕЛЕРГЕ КӨРІК КІРЕ БАСТАДЫ



6 БЕТ

Күні кеше республикалық дәрежедегі жолдардың облыс аумағы арқылы өтетін бөліктерінде аса ауқымды тазалық шаралары ұйымдастырылды. Әзірге Алматы–Өскемен республикалық тасжолының Көксу, Ескелді аудандары мен Талдықорған қаласы аралығындағы ұзындығы 69,5 шақырым болатын бөлігінде абаттандыру және санитарлық тазалау жұмыстары жүргізілді.

Асық ату ҚАБІЛЕТТЕРДІ ШЫҢДАЙДЫ

Қазір қаланы былай қойғанда, ауылда асық атып ойнаған баланы көру таңсық дүниеге айналды. Ұлттық ойындарымыздың бірі болған асық ату биыл бірінші рет Дүниежүзілік көшпенділер ойыны қатарына енді. Асық жиған бала қатары азайса да, ұлттық ойынды одан әрі дәріптеуге барын салуды мақсат еткен Кәмиляның жетістіктері аз емес. Бұған дейін Әлем кубогі, Азия чемпионаттарында жүлдегер атанған Кәмила Даниярова тұңғыш рет көшпенділер ойынында бақ сынайды.

» 8





РУХАНИ ДИПЛОМАТИЯНЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев Иран Президенті Масуд Пезешкианды ұлықтау рәсіміне қатысты. Сондай-ақ палата Спикері Ислам бәсесінің мәжілісінің Төрағасымен және Ислам мәдениеті және байланыстары ұйымының басшысымен кездесті. Екіжақты кездесулер барысында тараптар Қазақстан мен Иран арасындағы қарым-қатынасты арттыру және парламентаралық ынтымақтастықты нығайту мәселелерін талқылады.

Мәулен Әшімбаев Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың атынан Иран Ислам Республикасының жанадан сайланған Президенті Масуд Пезешкианды сайлаудағы жеңісімен құттықтады. Сонымен қатар ол Қазақстан екі ел арасындағы ынтымақтастықты одан әрі дамытуға баса мән беріп отырғанын атап өтті.

«Сізге Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтауы мен жылы лебізін жеткізуге рұқсат етіңіз. Мемлекет басшысы біздің елдеріміз арасындағы екіжақты саяси және экономикалық ынтымақтастықты дамытуға ерекше көңіл бөліп отыр. Иран – Каспий өңіріндегі көршіміз, сондай-ақ Таяу және Орталық Шығыстағы маңызды сауда серіктестеріміздің бірі. Сондықтан Иранмен қарым-қатынасты нығайту біздің сыртқы саясатымыздағы басым бағыттардың бірі болып қала береді. Бұл ретте Қазақстан Парламенті өз тарапынан елдеріміз арасындағы байланысты жан-жақты нығайтуға ықпал етеді», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар Сенат Төрағасы Иран тарапына аталған елдің делегациясы Шанхай ынтымақтастық ұйымының саммитіне белсенді қатысқаны үшін алғыс білдірді. Саммиттің нәтижесінде маңызды 25 құжат, оның ішінде Астана декларациясы қабылданғаны белгілі.

Сұхбат кезінде парламентаралық ынтымақтастық мәселелері де сөз болды. Соның аясында Қазақстан Парламентінің қос палатасында Иранмен достық топтары жұмыс істейтіні айтылды. Одан бөлек, Иранның жанартылған Парламентінде осындай топ құру екіжақты қарым-қатынасқа оң әсер ететініне де назар аударылды.

Ислам кеңесі мәжілісінің Төрағасы Мохаммад Багер Галибафпен кездесуде Мәулен Әшімбаев Қазақстан мен Иран Парламенттерінің ынтымақтастығын одан әрі нығайту перспективасына

тоқталды. Палата Төрағасы заң шығару саласындағы өзара байланыстың негізгі бағыттарын атап өтті.

«Қазақстан Парламенті Иранның Ислам кеңесі мәжілісімен өзара байланысты арттыруға мүдделі. Біздің Парламенттерімізде жұмыс істеп келе жатқан достық топтары парламентаралық ынтымақтастықтың берік негізін құрайды. Бұл бағытта өзара байланысты практикалық мазмұнға басымдық бере отырып, қалыптастырған маңызды. Сондай-ақ екі ел үшін өзекті мәселелерді оң шешуге ықпал ету және заң шығару ісінде тәжірибе алмасу да айрықша мәнге ие», — деді Мәулен Әшімбаев.

Бұдан басқа Сенат Төрағасы Ислам мәдениеті және байланыстары ұйымының президенті Мохаммад Мехди Иманипурмен кездесті. Онда тараптар екі халықтың мәдени және рухани байланыстарын нығайту мәселелеріне назар аударды. Бұл ретте жаһандық сын-қатерлерді енсеру жолында рөлі артып келе жатқан рухани дипломатияға және осы бағытта күш біріктірудің маңызына аса мән берілді.

«Биыл қазан айында Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезі хатшылығының XXII отырысын өткізу жоспарланып жатыр. Онда съезді дамыту тұжырымдамасын әрі қарай іске асыру мәселесі талқыланады. Одан бөлек, келесі VIII съездің тақырыбы мен өткізу мерзімі бекітіледі. Сондай-ақ Жас діни лидерлер форумы өткізіледі. Аталған іс-шараларға Иран елінің өкілдері белсенді қатысады деп үміттенеміз», — деген Мәулен Әшімбаев Иран тарапына Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезінің бастамаларына қолдау танытып, Форумның қорытынды құжаттарын әзірлеуге белсенді қатысқаны және дінаралық келісімнің идеялары мен құндылықтарын дәріптеуге қосқан үлесі үшін алғыс білдірді.

ЖАСТАР ИГІЛІГІНЕ – ЖАҢА ЖАТАҚХАНАЛАР

Астанада биыл студенттерге арналған 6 жатақхана салынады. Бұл туралы шаһар әкімі Жеңіс Қасымбек өзінің Instagram парақшасында жазды.

«Астанаға оқуға келетін студенттер саны жыл сайын артып келеді. Қазір жоғары оқу орындарының балансында 16 мың орынға арналған 40-тан астам студенттік жатақхана бар. Ал жалпы қажеттілік – 6 400 төсек-орын. Жауапты министрлікпен, университеттермен, инвесторлармен бірлесіп, жатақханалардағы орындарды ұлғайту бойынша жұмыс жүргізіп жатырмыз. Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбекпен бірге студенттерге арналған жатақханалардың құрылысымен таныстық», — дейді қала әкімі.



Биыл МЖӘ аясында 6 жатақхана салу және пайдалануға беру жоспарланып отыр. Олар 4,5 мыңға жуық орын құруға мүмкіндік береді.

«2025 жылы тағы 2 жатақхананы пайдалануға беру жоспарланып отыр. Сол сияқты өз тарапымыздан жатақхана салу үшін тағы 4 университетке жер телімдерін бөлдік. Былтыр 1 800-ден астам төсек-орын ашылды. Сонымен қатар 2023 жылы студенттік жатақханалар салу бойынша жобалық кеңсе ашылды. Фронт-кеңсенің негізгі міндеті – жатақханалар салу бойынша мемлекеттік бағдарламаны іске асыру үшін қолайлы жағдайлар жасау, студенттерді баспанамен қамтамасыз ету, ЖОО-лар мен әлеуетті инвесторларға жангерлік, консультациялық және сараптамалық қолдау көрсету», — дейді Жеңіс Қасымбек.

ТАСҚЫН ЗАРДАБЫ: ЕШКІМ ЕЛЕУСІЗ ҚАЛМАЙДЫ

Үкімет су тасқынынан зардап шеккен тұрғындарды қолдау және тұрғын үйді қалпына келтіру бойынша жүргізіліп жатқан жұмысты тұрақты бақылауда ұстап отыр.



34 068 отбасына бір реттік 100 АЕК көлемінде өтемақы төленді. Осы мақсаттарға барлығы 12,5 млрд тенгеден астам қаражат жұмсалды. Бағалау аяқталуына қарай жоғалған ең қажетті заттарын сатып алу үшін 150 АЕК-ке дейінгі мөлшерде қосымша төлемдер де жүзеге асырылады. Бүгінде 21 800 отбасы жалпы сомасы 9,9 млрд тенгеге тиісті өтемақы алды.

Қазір барлық облыста тұрғын үй мен саяжай құрылысын тексеру және бағалау жұмысы толығымен аяқталды.

Су тасқынынан зардап шеккен қазақстандықтарға 4 790 салынған және сатып алынған үй мен пәтер берілді.

Мәселен, 323 жаңа үй салынып, пайдалануға берілді. Солтүстік Қазақстан облысында 235 отбасы, Қостанай облысында – 57, Ақтөбе облысында – 26 және Павлодар облысында – 5 отбасы жаңа үйдің кілтін алды. Су тасқынынан зардап шеккен өңірлерде күзге дейін барлығы 2 568 үй

салып, тапсыру жоспарланған, жұмыс қарқынды жүргізіліп жатыр.

4 467 отбасы үшін қираған баспанасының орнына жаңа үй мен пәтерлер сатып алынды. Қостанай облысының тұрғындарына 315 тұрғын үй берілсе, Ақмолада – 219, Атырауда – 1372, Ақтөбеде – 447, Солтүстік Қазақстанда – 1102, Батыс Қазақстанда – 1004, Қарағанды – 6 және Павлодарда – 2 тұрғын үй берілді.

Комиссия шешімдерінің қорытындысы бойынша жалпы сомасы 48,2 млрд тенгеге 8 717 отбасы тұрғын үйін жөндеуге және қалпына келтіруге өтемақы алды.

Сонымен қатар зардап шеккен бизнеске келтірілген шығынды өтеу бойынша жұмыс жүргізілуде. Өңірлік комиссиялар ШОБ субъектілерінің жалпы сомасы 5,8 млрд тенгеге 374 өтінімін қарап, мақұлдады. Суға кеткен мал үшін берілген мемлекеттік көмек көлемі 2,8 млрд тенгеден асты.

ЖОЛАУШЫҒА ЖАҒДАЙ ЖОҚ

Алматы облысының орталығы Қонаев қаласы бұрын Қапшағай атанып тұрғанда да алыс-жақын жерлерге сапарлауға шығатын жолаушыларға арналған автобекет, теміржол бекетіне жарымаған еді. Автобекет болған, қазір де бар. Берісі Алматы, ортасы Талдықорған, одан әрі Өскемен мен Семейге қатынайтын автобустар аялдап, арлы-берлі ағылған жолаушылар шағын шаһардағы автобекеттен билеттерін алып, керек жерлеріне қатынайтын. Әлі де солай. Бірақ заманында қыж-қыж қайнап жататын көпшілік орынның бүгінгі тірлігі тым жүдеу.



Бір кездегі төртпін пен реттілікті көре алмайсың. Автобекет ғимараты толыққанды жолаушылар үшін қызмет етпейді. Ал теміржол бекеті деген атауымен жоқ деуге болады. Автобекет аумағында орналасқан аялдамаларды бекет деуге келе қоймас. Сондықтан теміржолмен қатынағысы келгендер көбіне Алматы арқылы сапарлайды.

Жақында облыс орталығының әкімі Асхат Бердіханов Қонаевтағы автобекет пен теміржол стансасының жұмысымен танысты. Сапар барысында айтылғандай, қаладағы автобекет ғимараты осыдан біраз жыл бұрын жекеменшікке өтіп кетті. Қазір бұл нысанда вокзалдан бөлек, бір-қатар түрлі мекеме орналасқан. Арасында мемлекеттік мекемелер де бар. Шаһар басшысы тиісті мамандарға ғимараттың жеке меншікке өтіп кетуінің заңдылығын, жекешелендіру кезінде қойылған тиісті талаптардың орындалып жатқан-жатпағанын, нысаналы мақсатта пайдаланып отырған-отырмағанын мұқият тексеруді тапсырды.

Қала басшысы вокзал аумағының адам шошырлық антисанитариялық жағдайына да назар аударды. Қалай болса, солай қойылған коқыс жәшіктері аузы-мұрнынан шығып, лықа толып кеткен. Арықтар тазаланбаған. Бекетке қарасты аумақта орналасқан «Алматы–Қонаев» пойызы қатынайтын стансадағы аялдамалардың әйнектері сынған. Асхат Бердіханов абаданандыру мен тазалықты тәрк етіп, айнала ортаны ластайтындар мен бұлдіретіндерді тез арада анықтап, қатаң шаралар қолдану мақсатында аумаққа бейнебақылау камераларын орнатуды тапсырды.

«Қазақстан темір жолы» АҚ иелігіндегі стансаға барғанында белгілі болғандай, дәл қазір Қонаевта жаңа станса салуға халық тарапынан тиісті сұраныс жоқ. Компания өкілінің айтуынша, қала тұрғындары негізінен «Алматы–Өскемен», «Қонаев–Қарағанды» автотрассалары арқылы автокөлікпен, автобустармен сапарлайды. Алматы қаласы да тиіп тұрғандықтан, жұрт ел ішінде пойызбен жүру үшін көбіне Алматыға барып, сол жақтан жан-жаққа кетеді. Бұл өзбен мүлде келіспейтінін білдірген қала әкімі қандай жағдай болмасын, теміржол стансасы халыққа өз деңгейінде қызмет ету керек екенін қадап айтты.

«Тұрғындар түнде жарықтың жоқтығына, автобекет аумағында тазалықтың, реттіліктің нашарлығына үнемі шағымданады. Жолаушылар түнде пойыздан немесе автобустан түскенде жеке бастарының қауіпсіздігі үшін алаңдамауы тиіс. Сондықтан аталған проблемаларды тез арада шешіңіздер. Бейнебақылау камераларын орнатып, ғимараттың жан-жағын коқыстан тазалау қажет», — деді Асхат Бердіханов.

Сонымен қатар әкім жеке кәсіпкерлердің мәселелерін тыңдау үшін Сейфуллин көшесінің бойында орналасқан сауда орындарына барды. Ол қаланы абаданандыру жобасына сәйкес, дүкендер аумағында тұрақ болмайтынына шағымданған кәсіпкерлерге жобаның жүзеге асуы жайын да түсіндірді.

Болат АБАҒАН,
Алматы облысы

«ҰЛЫ ДАЛА» БАЙҚАУЫ БАСТАЛДЫ



Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдығына арналған

«Ұлы дала» республикалық шығармашылық байқауы

AMANAT

«AMANAT» партиясы дәстүрлі «Ұлы дала» республикалық шығармашылық байқауының басталғанын хабарлайды. Биыл әдеби конкурстар көрнекті жазушы, балалар әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылуда.

Партияның «Ұлттық мұра» жобасы аясында Жазушылар одағымен бірлесіп өткізіп келе жатқан «Ұлы дала» республикалық шығармашылық байқауы осымен бесінші мәрте өткізгелі отыр.

Шығармашылық доданың басты мақсаты — ұлттық болмысты, рухани құндылықтарды паш ететін, креативті идеяларға ие жас қаламгерлерге, отандық авторларға қолдау көрсету және олардың шығармаларын насихаттау.

Сонымен қатар балалар әдебиетінің бөйтерегі Бердібек Соқпақбаевтың шығармаларындағы тағылымды ойлар мен ескірген образдарды өскелең ұрпаққа дәріптеу болып отыр.

Байқауға үміткерлер «Проза», «Поэзия», «Драматургия», «Әдеби сын» және «Балаларға арналған шығарма» номинациялары бойынша қатыса алады. Бұдан бөлек, байқауда «Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдығы» және «Алаш аманаты» арнайы жүлделері де қарастырылған. Сонымен бірге, Алаш қайраткерлері І. Жансүгіров, С. Сейфуллин, Б. Майлиннің туғанына 130 жыл толуына орай «Үш бөйтерек» арнайы жүлде де тағайындалып отыр.

Қатысушыларға қойылатын барлық талап пен байқау шарты белгіленген ереже мәтіні БАҚ-тарда, партияның ресми сайтында, әлеуметтік желілердегі парақшаларында жарияланады.

Шығармалар бүгін, яғни 1 тамыздан бастап 30 қазанға дейін қабылданады. Ережеге сай еліміздің барлық өңіріндегі партияның аймақтық филиалдарында ұйымдастыру комитеттері құрылды. Әрбір аймақтық ұйымдастыру комитеттерінде байқауға қатысушылардан шығармаларды қабылдап алатын арнайы электронды мекенжайлар ашылды.

Осыған орай, келіп түскен шығармаларды аймақтардағы ұйымдастыру комитеттері ережені талаптарына сәйкес тексеріп, партияның Орталық аппаратында құрылған Республикалық ұйымдастыру комитетіне жолдайды. Өз кезегінде аймақтардан келіп түскен шығармаларды Республикалық ұйым-

дастыру комитеті тексерістен өткізіп, арнайы бұркеншік есіммен <https://aiqyn.kz> сайтынан ашылған «Ұлы дала» байқауы айдарында күнделікті жариялап отырады. Қызығушылық танытқан кез келген оқырман байқау шығармаларымен сол жерден таныса алады.

Айта кететін бір жағдай, байқауға 20-45 жас аралығындағы авторлар қатыса алады. Келіп түскен жұмыстарды байқау комиссиясы 1-15 қараша аралығында қарайды. Байқау нәтижесі «Тәуелсіздік күні» қарсаңында қорытындыланып, салтанатты марапаттау шарасы Астана қаласында өтеді.

Еске сала кетейік, «Ұлы дала» байқауы быттыр Алаш қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы — Мағжан Жұмабаевтың 130 жылдығына арналған болатын.

«Ұлы дала» республикалық шығармашылық байқауына туындылар төмендегі электрондық мекен-жайлар арқылы қабылданады:	
Абай облысы	ulydala-abei@amanatparty.kz
Ақмола облысы	ulydala-aqmola@amanatparty.kz
Ақтөбе облысы	ulydala-aqtobe@amanatparty.kz
Атырау облысы	ulydala-atyrau@amanatparty.kz
Алматы облысы	ulydala-almaty@amanatparty.kz
Батыс Қазақстан облысы	ulydala-bqo@amanatparty.kz
Жамбыл облысы	ulydala-zhambyl@amanatparty.kz
Жетісу облысы	ulydala-zhetisu@amanatparty.kz
Қарағанды облысы	ulydala-qaragandy@amanatparty.kz
Қостанай облысы	ulydala-qostanai@amanatparty.kz
Қызылорда облысы	ulydala-qyzylorda@amanatparty.kz
Маңғыстау облысы	ulydala-mangystau@amanatparty.kz
Шығыс Қазақстан облысы	ulydala-shyqo@amanatparty.kz
Павлодар облысы	ulydala-pavlodar@amanatparty.kz
Солтүстік Қазақстан облысы	ulydala-sqo@amanatparty.kz
Түркістан облысы	ulydala-turkistan@amanatparty.kz
Ұлытау облысы	ulydala-ulytau@amanatparty.kz
Астана қаласы	ulydala-astana@amanatparty.kz
Алматы қаласы	ulydala-almaty@amanatparty.kz
Шымкент қаласы	ulydala-shymkent@amanatparty.kz

«АУЫЛ АМАНАТЫ»: СЫР ӨНІРІНІҢ ҚАРҚЫНЫ ҚАТТЫ

«Ауыл аманаты» жобасы — Мемлекет басшысының сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру аясында қолға алынған маңызды бастама және ауыл тұрғындарының тұрмысын жақсартып, табысын арттыруға бағытталған іс.

Осы орайда «AMANAT» партиясы ауыл халқының еңбек табысын арттыру мақсатында Үкіметпен бірлесіп «Ауыл аманаты» жобасын іске қосқан болатын. Бастапқыда пилоттық жоба ретінде қолға алынған жоба бүгінде ел



көлімінде жүйелі жүзеге асып келеді. Халқының жартысынан астамы ауылдық жерде тұратын Сыр өңірі үшін бұл жобаның маңызы зор болып тұр.

Ауылдағы ағайынның кәсіп көзін тауып, табысын жақсарту үшін жобаны жүзеге асыруға өткен жылы облыста 3,0 млрд теңгеге 406 жоба несиелендіріліп, нәтижесінде 713 жаңа жұмыс орны ашылған болатын. Жоба аясында 33 ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі — 716 млн теңгеге; 373 жеке кәсіпкер 2 млрд 284 млн теңгеге қаржыландырылды. Басымдық өндірістік жобаларға, яғни шағын цехтар, жылыжай өндірісі, омарта, балық және құс шаруашылығы секілді жеке қосалқы шаруашылықтардың жұмысын дамытуға бағытталды.

Бүгінде өңірімізде жобаның жемісін көре бастаған азаматтар қатары артып келеді. Солардың бірі — Жанақорған кентінің тұрғыны Азамат Кеңесбекұлы. Ол «Азамат» жеке кәсіпкерлігін ашып, жиһаз жасаумен айналысып жүргеніне 15 жылдың шамасы болған. «Ауыл аманаты» жобасы арқылы 2,5 пайызбен 8,5 млн теңге несиеленіп, шағын кәсіпін ілгерілетуге мүмкіндік алды. Жеңілдетілген пайызбен несиеленген кәсіпкер бүгінде ас үйге арналған жиһаздар мен шафтардың сан түрін өндіруде.

Ал жасалық Дәурбек Жәбеков жоба аясында фибробетон құрылыс материалын шығару цехын ашқан. Ол қосымша құрал-жабдықтар алу үшін 3,0 млн теңге несиеленіп, қазір аудан тұрғындарына қызмет жасауда.

Қызылжарма ауылдық округінде «Бажак» жеке кәсіпкерлігінің иесі Айнур Бажакова бүгінде «линарлы панель» өндірісін бастаған. Жоба аясында 7 миллион теңге несиеленіп, кәсіпкерлікке қажетті құрал-жабдықтардың 8 түрін сатып алып, жұмыстарын жүйелі жүзеге асыруда.

2024 жылдың соңына дейін өңірде «Ауыл аманаты» жобасын іске асыру үшін 575 жобаны қаржыландыру және 610 жаңа жұмыс орнын ашу көзделуде.

Бағдарлама шеңберінде барлық елді мекенді бірдей қатыстыру мақсатында қарағанды қаржы әру аудан мен Қызылорда қаласы бойынша халық санына қарай тепе-тең бөлініп, облыстың 146 ауылдық округтерін қамту жоспарлануда.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен ауылды дамытудың барлық ұйымдастырушылық, қаржылық тетіктері жасалып жатыр. Ең бастысы, партия өкілдері, жергілікті атқарушы органдар осы маңызды жобаны халыққа жан-жақты жеткізіп, насихаттауда. Тұтас қоғамды жоба төңірегіне жұмылдыруымыз маңызды.

ДЕПУТАТ ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ ӨТКІЗДІ

«AMANAT» партиясының Маңғыстау облыстық филиалында Парламент Мәжілісінің депутаты, заңгер Абзал Құспаннның қатысуымен «Құқықтық көмек» партиялық жобасы аясында қоғамдық қабылдау өтті.

Қабылдауға тұрғындар өздерінің жеке басындағы кейбір мәселелерді айта келді. Сонымен қатар тұрғындардың құқықтық білім деңгейін арттыру, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Қабылдауға келген тұрғындар борышкерден алимент өндіру, жалған желеумен алдану (алаяқтық), азаматтардың өз құқығын қорғау, жер және тұрғын үй сияқты мәселелерін көтерді.

Тұрғындардың талап-тілектерін тыңдап, Қазақстан Республикасының қолданатын заңнамалары аясында оларға құқықтық көмек көрсетіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Сондай-ақ бірқатар күрделі жағдайлар бойынша алдағы уақытта мәжіліс төрінде арнайы мәселе көтеріп, шешілудің жолдары қарастырылатыны айтылды.



БАЛАЛАР ЛАГЕРЬЛЕРІНЕ МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗДІ



«AMANAT» партиясының Павлодар облыстық филиалы жанындағы отбасы және халықты әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі өңірлік кеңес Павлодар облысының жазғы лагерлерінде балалардың тұру жағдайларына көшпелі мониторинг жүргізді.

Мониторингтік топ Торайғыр ауылындағы «Балдәурен» жазғы лагеріне және Баянауыл кентіндегі «Жасдәурен» жыл бойы сауықтыру лагеріне барды. Топ құрамында өңірлік кеңестің төрағасы Сандуғаш Қалижанова, төрағаның орынбасары Марина Стрелковская, сондай-ақ кеңес мүшелері Татьяна Ляхова мен Гүлмира Олжатай да болды.

Тексеру барысында жақсартуды қажет ететін аспектілер де анықталды. «Балдәурен» лагерінде балалар негізінен барлық қажеттіліктермен қамтамасыз етілгені, алайда балалар алаңын орнату, мүгедектігі бар адамдар үшін объектілерді бейімдеу және санитарлық жағдайларды жақсарту қажет екендігі байқалды. Кеңес мүшелері талап етілген шараларды тез арада орындау қажеттігін тапсырды.

«Жасдәурен» лагерінде комиссия асхана мен спорт залы үшін жеке ғимарат салу, сондай-ақ аумақты абаттандыру қажеттігін атап өтті.

Мониторинг қорытындысы бойынша, жергілікті білім беру органдары үшін балалар лагерлеріндегі жағдайды жақсарту бойынша ұсыныстар әзірленді. Ұсыныстардың орындалуы туралы түпкілікті ақпарат биылғы 1 қазанға дейін күтіледі.

Дайындаған Берік БЕК



ЖАҢАРТЫЛАТЫН ҚҰАТ КӨЗІНІҢ ЖАҢА АЛПАУЫТЫ

Орталық Азия елдері тұрақты даму мақсаты шеңберінде жаңартылатын энергия көздеріне көшуге айрықша мән беруде. Бұл саладағы ең белсенді ел Қазақстан саналады. Егеменді еліміз жаңартылатын энергия көздерін көбірек пайдалану мақсатында әртүрлі жобалар мен бағдарламаларға жан бітіруде. Бұл бағытта Жамбыл облысы өзгелерден көш ілгері келеді.

Саятхан САТЫЛҒАН

Жалпы, Қазақстан 2009 жылы жаңартылатын энергияны ынталандыру туралы алғашқы заңын қабылдаса, дәл осы заңға 2017 жылы тендер механизмі және сатып алушымен 20 жылдық келісім туралы түзетулер енгізілді. 2013 жылы 2050 жылға қарай «жасыл» экономикаға көшу, сондай-ақ электр энергиясын өндіруде экономикадағы қазбалы отынның, әсіресе көмірдің үлесін азайтудың Ұлттық тұжырымдамасы қабылданды. Осы тұжырымдама аясында 2020 жылға қарай электр энергиясын өндірудегі жаңартылатын энергияның үлесін 3%-ға, 2030 жылға қарай 30%-ға және 2050 жылға қарай 50%-ға дейін арттыру міндеті айқындалды.

Еліміз баламалы электр көздерін дамытуға айрықша көңіл бөліп жатқанда, бұл бастамалар Жамбыл облысы да тыс қалмады. Өңірде 2028 жылға қарай жаңартылатын энергия көздерінің (ЖЭК) саны 25 нысанға жетіп, қуаты 2,5 ГВт құрайтын болады деп жоспарлануда.

Қазір аймақта қуаты 551,3 МВт құрайтын 22 ЖЭК жұмыс істейді. Оның ішінде 6 су электр стансасы (24,4 МВт), 10 жел электр стансасы (275,6 МВт) және 6 күн электр стансасы (251,2 МВт) бар.

Быттыр 4 348,6 млн кВт/сағ электр энергиясын өндірілсе, биыл 4 560,8 млн кВт/сағ электр энергиясын өндіру жоспарланған.

Облыста баламалы электр көздерін дамытуға мүмкіндік мол. Күн, жел және су электр стансасын салуға барлық жағдай қарастырылған. Жергілікті билік тарапынан осы бағыттағы инвестициялық жобаларға ерекше басымдық беріледі. Міне, сондай жобаның бірі — Орта Азия елдері арасындағы ең ірі саналатын Жанатас жел электр стансасы. Аталған жел электр стансасы — Қазақстан мен қытайлық SPIC корпорациясының «Бір белдеу, бір жол» бағдарламасы аясында іске асырған ауқымды жоба.

Бүгінде Жанатас қаласында 40 жел қондырғысы қуатты күшінде жұмыс істеуде. Жалпы қуаты — 100 МВт. Яғни, әрқайсысы 2,5 МВт өндіреді.

Жанатастағы жел қондырғыларының бірінші бөлігі 2020 жылдың қыркүйек айында желіге қосылған. Ал 2021 жылдың маусым айында станса толығымен жұмысын бастап отыр. Бүгінде орташа тәуліктік өндіріс — сағатына 1 млн кВт. Өндірілген барлық энергия «KEGOC» АК желілеріне беріледі.

Жобаға 150 млн АҚШ доллары инвестицияланса, стансаға Қытайдың неміс технологиясы бойынша шығарған заманауи жел қондырғылары қойылған. Негізі, электр стансаның жалпы қуаты 500 МВт-қа жетеді. Нәтижесінде, жыл сайын сағатына 1,5 млрд кВт электр энергиясын өндіруге қауқарлы болып отыр.

— SPIC — бұл мемлекеттік корпорация. Негізгі қызметі — электр энергиясын өндіру. Бізде электр стансаларының барлық түрі бар. Яғни, жел электр стансалары, күн электр стансалары, су электр стансалары, сонымен қатар атом электр стансалары. Күн электр стансаларының қуаты бойынша әлемде бірінші, ал жел стансаларының қуаты бойынша екінші орындамыз. Сонымен қатар электр стансаларды зияткерлік жағынан дамыту бойынша әлемде алдыңғы қатардамыз. Қазақстанға жаңартылатын энергияны дамыту үшін 2018 жылы келдік. 2019 жылы біздің электр стансамыз Орталық Азиядағы ең ірі станса болды. Құрылыс кезінде біз жел электр стансасының құрылысы саласында көптеген маманды дайындадық. Бұл өз кезегінде Қазақстанда осы саланың дамуына өн әсерін тигізді, — дейді Жанатас жел электр стансасының бас инженері Чжан Лян.

Бүгінде Жанатас жел электр стансасында 31 маман жұмыс істесе, оның 6-ы — қытайлық, ал қалған 25 адам — жергілікті маман. Жел электр стансасы іске қосылғанда маман тапшылығы болмас үшін кәсіпорын мамандарды жинап 6 ай бұрын өздеріне қажет қызметкерлерді дайындап шығарған. Қызметкерлерді қытайлық мамандар оқытқан. Осылайша, қытайлықтар алып жел электр стансасын салып ғана қоймай, оның басқаратын мамандарды оқытып, білгендерімен бөлісуде. Бұл екі ел арасындағы байланысты берік ете түсетіні анық.

Негізі, мұндай алып жобалар Қордай, Жуалы сынды аудандарда да өз жұмысын бастап кеткен. Ал келер жылы Жамбыл облысында ЖЭК бойынша үш ірі жобаны іске асыру көзделуде. Атап айтсақ, Мойынқұм ауданында Total Eгеп компаниясы тарапынан қуаты 1 ГВт құрайтын жел электр стансасы, Masdar (БАӘ) компаниясымен Сарысу және Талас аудандарында қуаты 500 МВт жел электр стансасы және China Power International Holding Limited компаниясымен қуаты 500 МВт жел электр стансасы салынады деп жоспарлануда.

Айта кетейік, Жамбыл облысы қазірдің өзінде ЖЭК қуатымен республикада көш бастаса, нысандар саны бойынша екінші орында тұр. Ал алдағы жылдары салынатын баламалы энергия көздері өңірдің беделі мен мүмкіндігін тағы арттыра түсетіні анық.

Жамбыл облысы



КҮНБАҒЫС МАЙЫ

(Басы 1-бетте)

Нұрлан ҚОСАЙ

ШИКІЗАТ ТАПШЫЛЫҒЫ БҰРЫННАН БАР

Елімізде шикізат жетіспеушілігінен дәл бір күнбағыс майының бағасы өсіп кетуі мүмкін екені жайындағы дәлелдер күшейіп келеді. Өнім аз шыққандықтан, жұмысын тоқтатқан зауыт көп. Биыл да осындай әңгіменің ұшығы шыққан сияқты. Өйткені Ұлттық статистика бюросы «шикізат бар» десе, «Майлы дақылдарды қайта өңдеушілердің ұлттық қауымдастығы» (МДКӨҰК) «жок» дейді. Мұндай дауға ҰСБ-ның кезекті бір онлайн отырысы кезінде куә болдық. Бюроның мәліметінше, 1 шілдедегі жағдай бойынша Қазақстанда 419,8 мың тонна күнбағыс тұқымы бар екен. Оның ішінде май өңдеу зауыттарында — 165 мың тонна, нарыққа қатысушы өзге тараптарда — 254,6 мың тонна. Ал ұлттық қауымдастықтың атқарушы директоры Андрей Антонов елдегі күнбағыс тұқымдарының қалдықтары туралы ресми мәліметтер дұрыс емес екенін айтады. Былтыр да осылай болғанын алға тартқан ол: «Күнбағыс шемішкесінің көлемі туралы ақпарат шамамен 33%-ға немесе 262 мың тоннаға ауытқып тұр» дейді. Ал оған қарсы уәж айтқан Ұлттық статистика бюросы Ауыл шаруашылығы статистикасы және ұлттық санақ департаментінің директоры Әсел Жартыбаева: «Майлы дақылдарды сактайтындықтары барлығы бюроға есеп беріледі. Оның ішінде қоймалар, май зауыттары, фермерлер, көтерме және бөлшек сауда дүкендері, яғни респонденттердің алуымы өте кең. Ал қауымдастық тек май зауыттарындағы қалдықтарды бар-жоғын бақылайды» деп түсіндірді. Десе де, қос

ҚЫМБАТТАЙ МА?

тарاپ та өз ұстанымдарынан қайтпады. Осылайша, жағдайға іс жүзінде қатты жеткізу үшін бірге барып тексеруге уағдаласты. Ал ол тексерістен не шығатыны әзірге белгісіз. Белгілісі, жок шикізаттың орнын толтырмаса, күнбағыс майы қымбаттап кетуі мүмкін. Өйткені өндіріс маусымы шілде-ақпан аралығындағы 8 айды құрайтын бұл кезеңде май зауыттары қамбаны астыққа толтыруға тиіс. Бірақ елімізде күнбағыс дәнінің тапшылығы бұрыннан бар. Мәселен, жыл сайын 1 миллион тоннаға жуық күнбағыс шемішкесі жиналатын болса, еліміздегі май зауыттарының өңдеу қуаттылығы 3 миллион тоннадан асады.

Бұл ретте отандық зауыттардың жүктемесін арттыру үшін 2023 жылғы 1 ақпаннан бастап елімізден күнбағыс тұқымын әкелуге жүк құнының 20%-ы мөлшерінде, бірақ тоннасына 100 еуродан кем емес баж алымы қолданыла бастаған еді. Баж салынғаннан кейін ішкі нарықта күнбағыс тұқымын сатып алу бағасы күрт төмендеді. Оған қоса, зауыттар Ресейден күнбағыстың үлкен көлемін импорттай отырып, жергілікті шикізатты сатып алуды тоқтатты. Бұл туралы дихандар көп мәрте шағымданғанымен, мәселе әлі шешімін тапқан жоқ. Бір сөзбен айтқанда, Қазақстанда бұл дақылдың табыстылығы төмендеді. Шикізат тапшылығының бір себебі осында жатқан болуы да мүмкін.

САЛА МУЛЬТИПЛИКАТИВТІ ӘСЕРІГЕ ИЕ

Майлы-қонды өнім өндірісі, яки сұйық өсімдік және қатты кілегей майы өндіру агроөнеркәсіп кешінің маңызды бөлігі деуге болады. Бұл саладағы кәсіпорындар өсімдік майы, маргарин, тоң майы, майонез, соустар сияқты әлеуметтік

маңызды бар өнімдерді шығарады. Олар тек азық-түлік мақсатында ғана емес, сонымен қатар агроөнеркәсіп кешінің аралас салаларында да: құс шаруашылығында, мал шаруашылығында, жемшөп және кондитерлік өнеркәсіпте пайдаланылады. Май өнімдері лак-бояу, сабын, жуғыш заттар өндірісінде де қолданылады. Бұл сегментіндегі өзгерістер экономиканың өзге салаларына мультипликативті әсер беруге қауқарлы. Мысалы, майлы дақылдар шикізаты тапшы болса, өсімдік майы ғана емес, ет те, сүт өнімдері мен жұмыртқа да қымбаттауы мүмкін. Өйткені ақуызы мол жемшөп тапшылығы туындайды. Оның сыртында тұрмыстық химияның бағасы өсу ықтималдығы тағы бар. Десе де, әзірге Үкімет бағаны ауыздықтай алып отыр.

Былғы наурыз айының қорытындысында елімізде өсімдік майының бөлшек саудадағы бағасы былтырғы жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 23,5%-ға төмендеген. Бұл ретте күнбағыс майы 24,6%-ға арзандаса, зәйтүн майы, керісінше 18,7%-ға қымбаттапты. Мұндай мәліметті Energoportal.kz келтіріп отыр. Былғы бірінші тоқсанда елімізде 194,4 мың тонна өсімдік майы өндірілген екен. Бұл бір жыл бұрынғы көрсеткіштен 13,4%-ға артық. Әдеттегідей ең көп көлем Шығыс Қазақстан облысына тиесілі — 80,1 мың тонна, яки бір жылда өндіріс 26,3%-ға артқан. Екінші орында Абай облысы — 35,2 мың тонна, үшінші орында Ақмола облысы — 20,7 мың тонна.

Ал тазартылмаған өсімдік майының өндіру 15,9%-ға 156,8 мың тоннаға дейін, тазартылғаны 4%-ға 37,6 мың тоннаға дейін өскен. Рафинадталмаған май өндірісі ШҚО, Абай және Ақмола облыстарында шоғырланған болса, рафинадталған май өндіруде Шығыс Қазақстан облысы,

Шымкент және Алматы қалалары көш бастап тұр. Осылайша, өсімдік майының жалпы өндірісінің 80%-ы тазартылмаған түріне тиесілі болса, оның ішінде күнбағыс майының үлесі басым.

«Бұл көрсеткіштерге өңдеу өнеркәсібін дамытуға бағытталған мемлекеттік шаралардың арқасында қол жетіп отыр. Бұл жердегі бір мәселе — шикізат болса, елімізде күнбағыс, рапс, соя, мақсары, макта, зығыр және қыша сынды майлы дақылдар қарқынды өсірілуде. Олардың жалпы егіс көлемі биыл 3,1 миллион гектардан асты. Ауыл шаруашылығы министрлігінің жоспарына сәйкес, Қазақстан майлы дақылдар алқабын 373 мың гектарға ұлғайту арқылы астық алқаптарын қысқартуды көздеп отыр», — дейді Майлы дақылдарды қайта өңдеушілердің Ұлттық қауымдастығының (МДКӨҰК) басқарма төрағасы Ядыкар Ибрагимов.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметінше, қазіргі уақытта өсімдік майы өндіруге 80 кәсіпорын жұмылдырылған екен. Оған қоса, тағы да 3 зауыттың құрылысы жүруде. Мұның барлығы саладағы өнімділікті арттыра түсу үшін қалыптасып отыр.

«2023 жылы Қазақстанда 672 мың тонна өсімдік майы өндірілді. Ал биыл жыл соңына дейін бұл көрсеткішті 750 мың тоннаға дейін ұлғайту болжанып отыр. Бұған егіс алқаптарын кеңейту, шикізат сатып алуға айналым қаражатын беру және жана

құрады. Экспорт бірден 61,9%-ға өсіп, 86,6 мың тоннаға жеткен. Бұл — өндірілген жалпы көлемнің 59%-ы. Ал ішкі нарықтағы сатылуы 60,2 мың тоннаны құрады, бұл бір жыл бұрынғыдан 30,5%-ға аз. Егер нақты күнбағыс майы туралы айтатын болсақ, қазақстандық кәсіпорындар еліміздегі сұраныстың 89,3%-ын қамтамасыз ете алды, былтыр ол 83,7% еді. Ішкі нарықтағы сату көлемі 12,6%-ға, 53,5 мың тоннаға дейін төмендеп кеткен. Ал экспортқа 72,5 мың тонна өнім жолданды, бұл бір жыл бұрынғыдан 73,8%-ға артық», — дейді МДКӨҰК басшысы Ядыкар Ибрагимов.

Десе де, аталған кезеңде майлы дақылдардың өзге түрлерінің — рапс (56,8%-ға, 9,6 мың тоннаға), мақсары (48,4%-ға, 755 тоннаға) және соя (6,5%-ға, 6,4 мың тоннаға) майларының өндірісі төмендеп отырғанын айта кету керек.

МЕЖЕ — 1 МІЛРД ДОЛЛАР

Майлы-қонды өнім өнеркәсібі құс шаруашылығы, мал шаруашылығы және жем өнеркәсібі үшін дамуының негізі екенін айттық. Өйткені ақуызы мол жемге негізінен май зауыттарының жанама өнімі — күнжара мен жом қосылады. Отандық өңдеушілер елімізді осы өніммен толық қамтамасыз етіп қана қоймай, экспортты да арттырып отыр. Өткен маусымда бұл көрсеткіш 51%-ға артып, яки 239 мың тоннаға жетіп, еліміздің бүкіл тарихындағы рекордты көрсеткен екен.

Еурокомиссияның мәліметі бойынша, биылғы маусымның сегіз айында (шілде-ақпан) Қазақстан ЕуроОдақ елдеріне күнбағыс күнжарасын экспорттаушылардың үздік бестігіне еніпті. Елімізден ЕО-ға майлы-қонды өнімдердің жалпы экспорты 2022 жылы 91%-ға артып, 75,53 мың тоннаға жетті. Ақшалай есептегенде 118%-ға, яки 32 млн долларға дейін өсті. 2023 жылы бұл көрсеткіш екі есе дерлік өсіп, 145,56 мың тоннаға құрады, шетел валютасымен есептегенде 47%-ға өсіп, 47 млн долларға жетті. Көріп отырғанымыздай, қазақстандық тағамдық май өнімдерін жеткізу географиясы дәстүрлі нарықтармен шектеліп қалмай, жылдан жылға кеңейіп келеді.

«Сұйық май мен күнжара сатудан түсетін валюталық түсім тұқым, яки шикізат сатумен салыстырғанда, қашан да жоғары боп келеді. Мәселен, өткен маусымда күнбағыс шемішкесін экспорттаудан түскен валюталық кіріс 111 миллион долларды құраса, май мен күнжара 129 миллион доллардан асқан, сондай-ақ бұл алдыңғы маусыммен салыстырғанда 17%-ға көп», — дейді МДКӨҰК басшысы Ядыкар Ибрагимов.

Қауымдастықтың болжамы бойынша, алдағы үш маусымда қазақстандық майлы-қонды өнімдердің жалпы валюталық түсімі 700 миллион доллардан асып, 2028 жылға қарай 1 миллиард долларға жетуі мүмкін. Мәселен, 2022-2023 маркетингтік жылдағы қорытынды 509 миллион долларды құраған. Түйінде айтқанда, елімізде бұл саланы дамыта түсу үшін барлық мүмкіндіктер бар. Олар — қолайлы географиялық орналасуы, логистикалық мүмкіндіктер мен экспорттық нарықтар, шикізат базасы мен оны дамытуға субсидиялар жыл сайын ұлғайып, егістік алқаптары да кеңейіп келеді. Майлы дақылдарды өңдеу мен өсімдік майы өндіру саласындағы бүгінгі ахуал осындай. Бизнес те, мемлекет те қамсыз емес, ал күнбағыс майының бағасы өсе ме, өспей ме оны енді енді басталып жатқан маусым көрсетпек.

КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ ҚАЖЕТ

(Басы 1-бетте)

Кәмила ЕРКІН

Сарапшылар «бұл өсімнің басты себебі былтыр «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасының іске қосылуы болып отыр» дейді. Соның әсерінен сектордағы жылдар бойы шектеу қойылып келген баға бірден қымбаттап, халықтың есін шығарды. Ranking сараптама орталығының мамандары коммуналдық қызметтер бағасының мұндай өсуін өткен жылдардағы табиғи қымбаттауды тежеудің салдарына байлaidы. Бұған дейін сала мамандары коммуналдық қызмет саласындағы тозығы жеткен инфрақұрылым мен жабдықтардың басты себебі — бағаның нарыққа сай болмауы деп дабыл қаққан еді. Тіпті, аймақтарда болған апатты жағдайлардың төркінін осы баға саясатына әкеп тіреген болатын.

Соңғы жылдардағы баға динамикасын салыстырар болсақ, 2017 жылдан 2023 жылға дейін суық су бағасы бір метрлік максимуммен 7,3%-ға дейін өскен. Жылыту бағасының динамикасы да төмен, керісінше, 2019, 2020 және 2022 жылдары бұл қызмет құны айтарлықтай төмендеген. Қалған коммуналдық қызметтер бойынша жағдай да осыған ұқсас.

Бағаны бақылаудың салдары қандай? Егер бағаны жасанды түрде инфляциядан төмен деңгейде ұстап отырса немесе тіпті төмендетсе, инвестициялар күрт кеміп, мүлдем кіріс болмауы мүмкін. Мысалы, 2018 жылға дейін электрмен жабдықтау, газ, бу беру және кондиционерлеру секторына инвестициялар тоқырап, 545 миллиард теңгеге жеткен. Ал 2019 жылы өсім болғанымен, кейін инвестиция азайып, қайта сол деңгейде жеткен. «Тарифті

инвестицияға айырбастау» бағдарламасын іске қосқаннан кейін жағдай күрт өзгерді. Нәтижесінде, сектордағы күрделі салымдардың көлемі былтыр 56,3%-ға артып, рекордтық 1,2 триллион теңгеге жетті. Биыл да бұл үрдіс жалғасуда. Сумен жабдықтау және қалдықтарды басқару саласында да осы жағдай, 2019 жылға дейін көлемі бір деңгейде болған инвестиция, 2023 жылы бірден 23 пайызға өсіп, 598,6 млрд теңгеге жеткен.

Жылдар бойы тозған коммуналдық инфрақұрылымға қажетті қаржы бөлінбей келді. Ал енді кезекте қаражат бар, бірақ модернизация мен даму мәселесі ерекше өзекті. Бағаны тежеу саясаты саладағы апат саны артып және қызмет көрсету сапасының төмендеуіне әкеп соқтырды. Мамандар бұл саясат ұзақмерзімді перспективада тиімсіз және қауіпті екенін айтады.

«Инвестициялар дерексіз көрсеткіш емес. Бұл — кез келген саланың дамуы, халықтың өсуіне байланысты күн санап артып келе жатқан жүктемені азайту, жана қуаттарды енгізу және тозуды уақыттылық тоқтату мүмкіндігі. Екібастұз, Риддер және басқа қалалардағы апаттарды көрдік. Коммуналдық қуаттар мен желілердің тозуы әлі де өте жоғары деңгейде қалып отыр. Мәселен, былтыр Қазақстанда ЖЭО жабдықтарының орташа тозуы 66%, ал Орал, Степногорск, Тараз, Қызылорда және Кентауда ең көп тозу 80%-дан астамын құрайтыны белгілі болды. Мұның бәрі нарықтық жағдайда бағаны дұрыс реттемеудің салдары, — дейді Ranking сарапшылары.

Дегенмен бағаның бұлай бірден өсуі халықтың қалтасына ауыр соққаны анық. Сондықтан тұрғындарда соған сай сапаға бүгін-ертен қол жеткізе аламыз ба? деген заңды сұрақ туындайды. Қазақстанның энергиямен жабдықтайтын ұйымдар

қауымдастығының төрағасы Сергей Агафоновтың айтуынша, мұның бір ғана шешімі бар, ол — қоғамдық бақылауды күшейту.

— Қазір «Тарифті инвестицияға айырбастау» атты үлкен бағдарлама іске асырылып жатыр. Оның биыл жыл басынан бері жүзеге асырыла бастағанын тариф бағасының интенсивті түрде өскенін аңғаруға болады. Тариф арқылы тозығы жеткен коммуналдық желілерді жанарту идеясы негізінен жақсы, бірақ біздің одан басқа амалымыз да жоқ. Бүгінде мен өзімнің әлеуметтік желідегі парақшам арқылы депутаттарға үндеу жолдадым. Қоғам белсенділері де бұл мәселе жөнінде сырт қалып жатқан жоқ. Тіпті, астаналықтар петиция жариялады, — дейді ол.

Бұл жерде тұрғындар мен белсенділер және қауымдастық өкілдері қандай мәселені алға тартып отыр? Олардың айтуынша, бүгінде бағдарлама аясында игерілетін қаражатқа жеткілікті бақылау жоқ.

— Біздің мақсатымыз — осыған қоғам назарын аудару. Өйткені монополистерге тауар жеткізуші, материалдық құндылыққа ие мердігер ұйымдардың көпшілігінің монополистермен олардың менеджментіне қатысуы бар. Сондықтан бұл жерде барлығы қаншалықты шынайы әрі ашық екеніне көз жеткізу қиын. Ал Табиғи монополияларды реттеу комитеті барлық құжаттар мен есептер ашық дереккөздер арқылы қолжетімді деген пікірде. Қағаз жүзінде солай да шығар. Бірақ бұл қаншалықты шындыққа жанасатыны үлкен күмән туғызады. Сондықтан бағдарламаны қалай жүзеге асырылып жатқанын бақылау қажет. Депутаттарға үндеу жолдай отырып, тарифті құру шеңберінде «Тарифтер бойынша аймақтық кеңес» құру туралы ұсыныс тастадық. Оған бөлек, біз қауымдастық атынан «Әділ және түсінікті тарифтер



тер ұшы» петиция жариялады. Себебі ең мықты бақылау — ол қоғамдық бақылау, — дейді қауымдастық төрағасы.

Оның айтуынша, кеңес құрамына әртүрлі сала өкілдері мүше болуы қажет, оның ішінде тәуелсіз БАҚ өкілдері кәсіпкерлер мен қоғам белсенділері де болса.

— Өйткені сол арқылы біз монополистер жанындағы «резервтерді» анықтай алатынымызға сенімдімін. Бұл бағдарлама қазір елімізде ауадай қажет. Бұл — ел энергетикасын құтқарудың жалғыз амалы. Дегенмен қазірдің өзінде миллиардтаған сома қаражат игерілуде. Оған коммуналдық қызмет саласындағы инфрақұрылым желілерінің тозуы тоқтай ма? Егер дәл қазір бақылауды қолдан жіберіп алсақ, онда ертеңгі күні салымды суға кетпесіне кім кепіл? — дейді сарапшы.

Шындығында, жарты жыл — қорытынды шығаруға, мынадай ауқымды жұмыстың нәтижесін көруге тым қысқа мерзім. Сондықтан монополистерден «бай ішінде тозығы жеткен инфрақұрылым қаншалықты азайды деп есеп сұрай алмаймыз ба?» деген сауалымызға қауымдастық төрағасы «бұл қазір шеті көрінетін шаруа

емен» екендігін түсіндіріп берді. Себебі тозу процесі ол тоқтап қалмайды, ондай нысандардың саны ары қарай да көбейе береді. Егер қаражат орынды жұмсалмаса, сапасыз инфрақұрылым желілері саланы әлі де артқа тарта бермек. Сондай-ақ Сергей Агафонов қазіргі тариф бағасын белгілеуде көптеген қателік барын айтты.

— Оның басты белгілерін бүгінде аймақтарда шығын жатқан келіспеушіліктер мен тұрғындардың наразылығынан көруге болады. Мысалы, Екібастұзда болған апаттан кейін ондағы жылу электр стансасын мемлекет қайтарып алған еді. Ол қазір «Самұрық-Энерго» басқаруына өтті. Олар бір метрлік жылу бағасын 181 пайызға көтерді. Соның салдарынан жұрт арасында жанжал туып отыр. Атырау қаласында жергілікті монополист сметаға залымсыз 2,5 млрд теңгеге жуық шығын енгізгені анықталды. Салдарынан прокуратура бұл істі қолға алып, оң шешім шығарды. Осының барлығы қоғамдық бақылаудың көмегімен жүзеге асырылып отыр. Сондықтан салада сапалы инфрақұрылымға қол жеткізіміз десек, әу бастан-ақ бақылау тетіктерін күшейткеніміз дұрыс, — дейді маман.



Асыл іс

АТҚАРЫЛСА АДАЛЫНАН

Елімізде қайырмалдық қаржы, садақа, жылу жинайтын ұйым қаптады. Құзырлы органдар оның біразының ісі көзбояушылық екенін, тіпті алаяқтары барын анықтады. Сондықтан Үкімет саланы жаңаша реттеуге кіріспек. Осы мақсатта уәкілетті органға жаңа құзыреттер беріледі деп жоспарланған. Сондай-ақ қайырымдылық қызмет туралы барлық ақпарат жинақталатын бірыңғай цифрлық платформа құрылады. Сарапшылар салада реформа жүргізудің қажеттілігі пісіп-жетілгеніне сенімді

Елдос СЕНБАЙ

МҰҚТАЖ ЖАНДАР НЕГЕ ЖЫЛУ ЖИНАЙДЫ?

Қоғам белсендісі Сергей Кузнецовтың айтуынша, мүгедек немесе шұғыл ота жасауды қажетсінетін қазақстандықтарға өз бетінше қоғамнан жылу жинаудан басқа амалы қалмайтын жағдайлар кездеседі. Өкінішке қарай, медсактандыру қорының МӘМС жүйесін толыққанды қаржыландырмауы, ондағы түрлі алаяқтық схемалар кесірінен сырқаттарға тегін медициналық көмек дер кезінде, толық көлемде көрсетіле бермейді. Ал қайырымдылық қорларынан көмек алу үшін кейде «көке» қажет екен: депутаттан, Денсаулық сақтау министрлігінен, билігі бар адамнан сұрау тусуі керек.

Мұндай проблема барын «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының төрағасы Болат Жәмішев жоққа шығармайды. Ол осының нақты бір дерегін Мәжіліс депутаттарына жауап хатында баяндады. Қалаулылар одан жас ұрпақты бөліп-жармай, екіжақты микротия және атрезиясы бар барлық баланы шетелдік клиникаларға емдеуге жіберу бойынша қайырымдылық

никасында емдеуге қайырымдылық көмек көрсетуді табанды түрде сұрады. Бірақ аталған клиникадағы дәрігер Робертсонның хирургиялық емдеу әдісі авторлық болып табылады: тиісінше, оған балаларды іріктеу өлшемшарттары белгісіз. Дәрігер қолданатын емдеу әдістемесі ғылыми басылымдарда жарияланбаған, оны қолданудың тиімділігі және асқынулардың, оның ішінде сезілмейтін асқынулардың болуы туралы статистикалық деректер жоқ, — деді Б.Жәмішев.

Оның мәліметінше, 2 балаға қайырымдылық көмек көрсету мәселесі «Қазақстан халқына» қорының Қамқоршылық кеңесінің отырысында екі рет қаралды және оң шешілді. Қор министрлік пен ӘМСҚ-қа бір шарт қойған: екіжақты микротиясы және атрезиясы бар өзге балаларды шетелде емдеуге жіберудің нақты жүйелі тәсілдерін әзірлеуі қажет. Министрлік тиісті міндеттеме алыпты. Алайда Б.Жәмішев уәкілетті орган аталған патологиясы бар балаларға көмек көрсету бойынша нақты, жүйелі тәсілдерді сол бойы ұсынбағанын хабарлады.

Солан не шенділерден, не қорлардан қажетті көмек ала алмаған қарапайым азаматтар бұқараға жалына жүгініп, жылуды өз бетінше жинауға мәжбүр. Дәл осы кезде оларға волонтерлер, әлдебір қорлар шығып, қаражат жинауға көмектесуді ұсынады. Мүмкіндігі шектеулі балалары бар ата-аналардың қаттарында айтылатындай, аты ерікті болғанымен, қорлардың көбі тегін қызмет көрсетпей-

тында қандай жетістіктерге жеткенін баяндап отырады. Ата-анасының тынымсыз еңбегі, өз бетінше қаржы тауып, Қытай, Ресей, Өзбекстанда ақылы емдеуі нәтижесінде, туғаннан омылып жатқан Тамерлан біраз оналып, тізерлеп жүрді, сөзден сөйлем құрап, сөйлеуді үйренген. Былтырдан бері мектепке барып жүр.

— Қазақстанда ДЦП бойынша көмек ұсына алатын барлық дерлік клиникада болды. Бейжіңде 2018-2019 жылдары Ли-Чоу клиникасында емделді. 2017 жылдан соғыс басталғанға дейін Ресейдің Челябинск қаласында шетелдік озық әдістемелермен оналтудан өтті. Ташкентте де ем-дом алды. Тынымсыз, үзбей емдеу арқасында Тамерлан алдымен аунап үйренді, кейін еңбектейтін жағдайға жетті. Бүгінде тізерлеп жүріп, сөйлей бастады. Отбасының азын-аулақ табысын емдеуге жұмылдырамыз. Жетпей қалғанда, жылу жинауға тура келеді. Салға ұшыраған балаларға бір жолғы емес, ұдайы көмек қажет. Медициналық оналту-сауықтыру ем-шаралары доғарылса, баланың миы мен бұлшықеттері бәрін «ұмытып», бұрынғы сал қалпына оралады. Бұл — өмір үшін өмір бойғы күрес, — деді Айгүл.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҰЙЫМДАРЫ АККРЕДИТЕЛМЕК

Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева республикада қайырымдылық қызметін тиімді бақылау және

қайырымды істермен айналысатын ұйымдарға жұртшылықтың сенімін арттыру мәселелерін қарағанын жеткізді. Оның нәтижесінде, қайырымдылық саласын құқықтық реттеу жұмыстарын жетілдіру үшін қолданыстағы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізілмек. Үкімет басшысы тиісті тапсырма берген екен.

— Премьер-Министрдің тапсырмасын орындау мақсатында біздің министрлік қолданыстағы заңнамаға түзетулер енгізу жұмысын қолға алды. Ондағы мақсат — қайырымдылық қаражаттардың мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз ету және қайырымдылықтың ашықтық деңгейін арттыру. Менің 2024 жылғы 6 мамырдағы №176-НҚ бұйрығыммен, министрлікте заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі жұмыс тобы құрылды. Оның құрамына мемлекеттік органдардың, қайырымдылық ұйымдардың, квазимемлекеттік және кәсіпкерлік секторлардың өкілдері кірді, — деді Мәдениет және ақпарат министрі Мәжіліс депутаттарына хатында.

Сарапшылар әзірленген заңнамалық түзетулер жұмыс тобы отырыстарында қаралады. А.Балаева бұл мәсе-

бликада осы салаға арналған бірыңғай реттеуші орган құру бастамасын көтерді. Қалаулылардың байламынша, бұл орган елдегі барлық қайырымдылық ұйымын бақылап, қызметін үйлестірумен айналысуға тиіс. Бұдан бөлек, саланы реттеудің бірыңғай стандарттарын орнатады, оны өзектендіріп отырады. Қайырымдылық қаражаттарын пайдаланудағы, шығындаудағы айқындылық-транспаренттілікте де сол кепілдендірсе орынды.

Парламентшілердің келесі бір ұсынысы — Қазақстандағы қайырымдылықтың ортақ онлайн-платформасын құруға қатысты болды. Онда мысалы, жалпыреспубликалық тұрғын үй кезегі үлгісінде, емдеуге, сауықтыруға, оналтуға мұқтаж балалардың, ересектердің, сондай-ақ әлеуметтік-материалдық көмекке мұқтаж жандардың республикалық ортақ тізімін қалыптастыруға болар еді. Ол болмаған соң әрбір қайырымдылық ұйымы төл тізімдерін жүргізеді, олар бірін-бірі қайталауы мүмкін. Бірыңғай онлайн-платформа, депутаттардың пікірінше, қайырымдылық ұйымдар мен олардың қызметі туралы ақпараттың дұрыстығын және қолжетімділігін қамтамасыз етеді. Осы саладағы арамза, алаяқтық тәжірибелермен тиімді күресуге септеседі.

Қазіргі кезде eGov.kz «Электронды Үкімет» порталында «Қазақстан Республикасының қайырымдылық қорлары» деген бөлім бар. Алайда онда көрсетілген ұйымдардың саны аз. Мұқтаж жандарға көмектесетін «қара беттерде киген жігіт» деген сияқты анонимді қамқоршыларды айтағанын өзінде, тіпті салада ашықтан ашық әрекет ететін ойыншыларды да қамтымайды. Мысалы, «Электронды Үкіметте» әлеуметтік бағыттағы — 35, білім беру бағытындағы — 11, мәдени бағыттағы — 8, ғылыми бағыттағы — 5, шығармашылық бағыттағы — 5, халықаралық бағыттағы — 4, тұрғын үй бағытындағы 2 қор мен ұйым ғана тіркелген. Оның өзінде Samruk-Kazyna Trust әлеуметтік жобаларды дамыту қоры сияқты ұйымдар біраз бағытта қайталананды.

Сол себепті Мәдениет және ақпарат министрлігі ақпараттың қолжетімділігі мен дұрыстығын қамтамасыз ететін бірыңғай онлайн-платформаны құру бастамасын қолдады. Аида Балаеваның айтуынша, қазіргі уақытта министрлік пен Қаржылық мониторинг агенттігі бірлесіп, қайырымдылық қызметі туралы ақпарат жинақталатын бірыңғай цифрлық платформа құру мәселесін пысықтап жатыр.

Ал депутаттарды қайырымдылық ұйымдарының қызметін үйлестіретін, қайырымдылық қаражатты пайдалануды реттейтін жана, бірыңғай реттеуші орган құру бастамасын қолдаудан Үкімет бас тартты. Министр А.Балаева ондай ортақ орган онсыз да бар дегенге келтірді. 2022 жылы «Қайырымдылық туралы» заңға енгізілген толықтыруға сәйкес, Мәдениет және ақпарат министрлігі — қайырымдылық саласындағы уәкілетті орган болып айқындалды. Уәкілетті органның құзыретіне осы саладағы мемлекеттік саясатты іске асыру, құрметті атак беру және «Қайырымдылық туралы» заңда көзделген өзге де өкілеттіктер кіреді.

Дегенмен жана заң мен реформа біраз жаңалық әкелетіндіктен, министрлікке тиісті жана құзыреттер беру қажет болады. Уәкілетті органға елдегі барлық қайырымдылық ұйым мен қайырымдылық волонтерлерін аккредиттеу, сондай-ақ бірыңғай цифрлық платформаның қызметін жүзеге асыру бөлігінде құзыреттер беру ұсынылады.

“*Ұсынылған тағы бір тетік — қайырымдылық ұйымдары демеушілік қаражатты, садақаны тек бір ғана арнайы шотқа жинауға тиіс. Сонда оны мемлекеттің бақылауы да жеңілдейді.*”

көмек көрсетуді талап етіп, депутаттық сауал жолдаған болатын.

Денсаулық сақтау министрлігінің дерегінше, 2023 жылдың басында Қазақстанда микротия және атрезия диагнозы қойылған 666 бала, соның ішінде екіжақты патологиясы бар 85 бала тіркелген. «Қазақстан халқына» қорына сол балаларға қайырымдылық көмек көрсетуге қатысты көп өтініш түседі. Азаматтар болса, қордан еш көмек ала алмағанына шағымданады. Қор 2 балаға ғана артықшылық жасапты. Жәмішев сол екеуіне көмектесу керектігін Денсаулық сақтау министрлігі қоярда қоймай қолқалағанын айтады.

— Денсаулық сақтау министрлігі мен Әлеуметтік медсактандыру қоры (ӘМСҚ) 2022 жылғы 12 шілдеден 2023 жылғы наурыз аралығында біздің қорға қайта-қайта өтінішпен жүгініп, 2 балаға артықшылық жағдай жасауды, Американың California Ear Institute кли-

ді, жиналған қаржының үлкен бір бөлігін өзінде қалдырады.

Қазақстанның «Қызыл Жарты ай» қоғамының фандрайзинг бойынша үйлестірушісі Карина Тілепова банк аударымдары бойынша қаржы жинайтынның бәрі бірдей алаяқ емесін айтады. Олардың ішінде ауру балаға шынымен аяушылық көрсететін жанашыр жандар жетерлік. Тек алдау тұзағына түсіп қалмау үшін белгілі бір жайттарға назар аударған жөн. Айталық, жинаушылар өз сайттарында, әлеуметтік желіде қол жеткізген қаражат есебінен қандай іс-шаралар жасалғаны туралы есеп бермейтін болса, жылу жинаушының адалдығы сезік тудырады. Мысалы, салға (ДЦП) душар болған бала Тамерлан Сейчановтың анасы Айгүл қайырымдылық ісіне көлеңке түсірмеу үшін баласының әлеуметтік желіде @help_tamik парақшасын жүргізетінін айтты. Мүгедек балаға қандай операция жасалғанын, сауығу бағы-



ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ
ҚОР

АҢЫЗ БАТЫРДЫҢ АБЫЗ ҰРПАҒЫ

Тарих теңізінің толқындарында қазақтың туы талай мәрте шайқалды да. Рухы берік, санасы сергек, діні мықты, тамыры терең қазақ баласы небір дауылдардан да, жауындардан аман-есен өтті. Жоғалтқаны да бар, әрине. Десе де намысы мен рухынан айырылған жоқ. Ұлттымыз қаншама құрбандық берсе де, тіл мен ділді, дәстүр мен салтты сақтады. Оның барлығы ғасыр бойы санаға сіңген ұлттық тәрбиенің тереңге тартқан тамыры мен тастай берік болмыстың арқасы.

Сондай бір тарих дауылына Алтайдың арғы бетін, Ертістің басын, қазіргідей айтсақ, Қытай жерін мекендеген қазақтар да ұшырады. Әуел баста Алтай да, Тарбағатай да, Іле де жалпы қазақтың мекені еді ғой. Бұла қазақ бұлайдай жосып, бұйырғын белдер көшіп, сахараның бұлдыр сағмына шомып жүрген бір дәурендер еді. Шекара демекші, шекараның өзі бергін пайда болды. Атап айтсақ, патшалық Ресей мен Қытайдың Цинь империясы арасында 1864 жылғы 7 қазанда Шәуешек қаласында мемлекеттік шекара келісіміне қол қойылды. Осы келісім арқылы қазақ баласы Қытай—Ресей мемлекеттік шекара сызығының арғы бетінде қалған қазақтар Қытай азаматы болды да, бергі жағындағылар Ресей құрамындағы қазақтар болып қалды. Тарих үкімімен караорман қазақ осылай екі бөлінді. Бұдан кейінгі қазақ тарихы шекараның арғы және бергі беті деп жазылды.

Біздің сөз қозғағалы отырған әңгімеміз қылыштың жүзіңдей қылпылдаған заманда осы бір қылдай жіңішке болса да қазақтың жүрегін қажарған шекара сызығының арғы-бергі жағында өткен қазақтың бүтін бір әулетінің тарихы. Бір әулеттің тарихы бүкіл ұлттың, жорық кешкен ұрпақтың тарихы болып отыр.

СӘБИТ ДА МОЛЛА ЖӘНЕ ЗУХА БАТЫР

Қазақта Зуха батыр десе елең етпейтін жан жоқ десек те болады. Еңіреген ер Зуха батыр Сәбитұлы — заманында аттан түспеген тіл мен діл, ұлт пен рух үшін қан кешкен күрескер ер. Атасы Абақ Керей Ителі руы ғана емес Орта жүзге аты мағлұм Нұрмұхаммед абыз еді. Жасынан ел ішіндегі билікке араласқан, сөзге шешен, ділмар, білімі жүйрік, әділдігімен танылған Нұрмұхаммед қиын сәттерде елі қасына жиналған абыз деңгейіне көтерілді. Ол заманда абыз деген атауға лайықты тұлға үш жүзде санаулы болса керекті.

Абыздан тәлім алған оның ұрпағы Сәбит Абақ Керейдің ішінде мешіт-медресе салып, бала оқытты. Білікті білімін, имани келбетіне қарап, ел Сәбит бабаны «Да молла» деп атады. Негізінен, «Да молла» деген екінші бірине беріле бермейтін, білім мен парасатты ұштастырған тұлғаларға ғана ілуде бір берілетін атақ болса керек. Заманында қазақ даласындағы оқымысты ғұламалармен ишан, хазіреттер



Ел азат, ұлт пен рух сағаттан бастап тарихтың толқынымен жыраққа ауған қазақ баласы да байырғы баба мекенге қарап елеңдеп, өкш Тудың түбіне топтасуды мұрат тұтты. Атажұртты бетке алған қазақтың алғы легінің ішінде ел деп еңіреп өткен, кешегі аңыз баба Зуханың ұрпағы Шыңғысхан қажы да бар еді.

Сәбит бабаның біліміне тәнті болып, оның Да молла атағын мойындаса керек.

Сәбит Да молла атамның қажымай, талмай, Шыңжаңның ұлан-байтақ солтүстік өлкесінде 40 жылға жуық имамдық жолында ұстаздық етіп, дін мен дәстүрді ұштастырып, қазақ баласын имандылық жолына тәрбиеледі. Сәбит Да молладан тәлім алған өрендердің арасынан тек дін жолы ғана емес, ұлттың қамын жеп, қиын замандарда қазақты тура жолға бастап, елге бар пейілімен қызмет қылған қайраткерлер өсіп шықты.

Зуха батыр Сәбитұлы 1869 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданына қарасты Қалба тауының етегінде Кендірлікте дүниеге келген деп жазылған. Әйгілі Сәбит Да молла өмірден өткен соң баласы Зуха отбасын, жақындарын ертіп, Қытай жаққа ауып, Жемейдің Сауыр

Күрделі жөндеуі мен қайта төсеу жұмыстары біраз жылға жалғасқан Алматы мен Талдықорғанды, одан әрі облыс орталығын, еліміздің шығысымен жалғастыратын «Алматы—Өскемен» күре жолының облыс аумағы арқылы өтетін бөліктеріндегі негізгі жөндеу жұмыстары аяқталды деуге болады. Қазір Талдықорғаннан Алакөл ауданы аумағындағы облыс шекарасына дейінгі жол бөлігінде азы-көпті, ұсақ-түйек шаруа ғана қалды. Жыл соңына дейін оны да бітіріп, Алакөлге, одан әрі Абай, Шығыс Қазақстан облыстарына қиналмай қатынайтын боламыз. Ендігі мақсат — халықаралық талаптарға жауап беретін осынау заманауи трассаның жиегін таза ұстап, жол бойындағы сервистік қызметті барынша жетілдіру. Сонда жыл сайын демалу үшін Алакөлге ағылатын мыңдаған турист пен Абай және Шығыс Қазақстан облыстары арқылы Ресейге, Достық арқылы Қытайға сапарлайтын жолаушылардың алғысын арқаалап, сырт көздің сынынан құтыламыз.

Күні кеше республикалық дәрежедегі жолдардың облыс аумағы арқылы өтетін бөліктерінде аса ауқымды тазалық шара-

Жұмыр жердің бетіндегі қазақ баласының басынан талай қилы кезеңдер өтті. Гималай асып, Үндістан мен Пәкістанды басып, арып-ашып, түбі бір Түрік жеріне атанып шөгеріп, шаңырағын түсіргеннің келесі жылында атақты Зуха батырдың ұлы Шәмидің шаңырағында бір перзент дүниеге келеді. Шапқыншылықтан өбден мезі болған, тар жол, тайғақ кешкен қазақтар ол балаға бабаларындай қаһарман көшбасшы болсын деп Шыңғысхан деп ат қойды.

өңіріне қоныс тебеді. Бұл кезең шамамен 1883 жылдар болса керек. Сондағы қазақтың төбе биі Жәнісхан күн діни білімі терең Зуханы қасына алып, медресеге мұғалім етіп тағайындайды. Зуха Жәнісхан күннің жанында жүріп, әділетсіздікке тап болған халыққа жаны ашып, елдің мұң-мұқтажын терең сезініп, күреске шығады. Ол 1904 жылы қажылыққа барып келген соң, күрескерлігін шыңдай түседі. Зуха батыр қай жерге бармасын маңына биліктің әділетсіздігіне тап болған қазақтар ғана емес өзге ұлт өкілдері топтасалды. Туабітті зерек, көсемдік қасиеті оны көшбасшылыққа көтерді. Ат жалында өмір кешкен Зуха батыр қапияда 1928 жылы қазан айында Белқұдық деген жерде ел үшін шейіт болды. Аумалы-төкпелі заманда өз заманының аңыз тұлғасы болып, осылай Зуха батыр да тарих көгінен жұлдыздай ағып өте шықты. Соңына аңыз болып ерлігі мен ұрпағы қалды.

Зуха батырдың қазысынан кейін ұлы Солтаншөріп бірнеше руды бастап Баркөлге барып қоныстанды. Сосын Тибет арқылы 1950 жылдары Үндістан, Пәкістанға

ауады. Ол жақта бірнеше жылдай өмір сүрген қазақ қауымы Түркияға барып тұрақтайды. Осылайша, қазақтың қилы тарихының бір парқатары Түрік жерінде жазыла бастайды.

БҮГІНГІНІҢ АБЫЗЫ ШЫҢҒЫСХАН ЗУХАБАТЫР КІМ?

Сонау тоқсаныншы жылдары Тәуелсіздіктің алғашқы кезеңдерінде қазақ қоғамында исламға, салт пен дәстүрге деген аңсарлық пайда болды. Жетпіс жыл руханы бұғауда болған қазақ үшін азаттық алтыннан қымбат сый еді.

Ел азаттық алған сағаттан бастап тарихтың толқынымен жыраққа ауған қазақ баласы да байырғы баба мекенге қарап елеңдеп, көк Тудың түбіне топтасуды мұрат тұтты. Атажұртты бетке алған қазақтың алғы легінің ішінде ел деп еңіреп



өткен, кешегі аңыз баба Зуханың ұрпағы Шыңғысхан қажы да бар еді.

Шыңғысхан ағамыз да еркіндік аңсаған бабаларының аманаты орындалып, Қазақ елі өз байрағын көтеріп жатқан осынау тұста Түрік елінде қарап жата алмай, Қазақ жеріне аяқ басты. Бұл 1991 жыл еді. Еліміздің тәуелсіздігін басқалардан бұрын таныған Түрік елі алғаш болып Алматының төріне өз елшілігін ашып, ай бедерлі жалауын желбіретті. Шыңғысхан Зухабатыр ағамыз Тәуелсіз қазақ елінің керегіне жарайын, жыртығына жамау болайын, қажет болса жүрегімнің жартысын берейін деген ізгі ниетпен, зор құлшыныспен Түрік елшілігінің діни координаторы болып келді.

Түрік елінің әйгілі Мәрмәра университетінің дінтану, теолог мамандығымен томамдаған, Шыңғысхан Зухабатыр діни дипломатия саласында өбден төселген еді. Ол өз мамандығы бойынша баба дініміз исламның асыл құндылықтарын насихаттап қана қоймай, халықаралық ірі діни мәселелерді шешу, дінді заманға сай қағидаттармен құндылықтарға бейімдеуге барын салған білікті тұлға еді.

Ол түрік тілінде «Құран көрімнің терминдері», «Ислам дініндегі қалал-харама», «Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарымыз» қатарлы үш кітабын шығарған. Бұл туындылар діни білім саласындағы жоғарғы деңгейдегі зерттеу бағытындағы көлемді еңбек болды.

Әдетте, дипломатиялық қызметке қай елде болмасын кадрларды іріктеп, сараптап алатындығын ескерсек, соның ішінде өсіресе ислам діні бойынша мәселелерге түрік елі Шыңғысхан Зухабатыр ағамызды араластыруы — оның дін саласында білікті, исламның барлық ілімін игерген білімдар, мәмілегер адам екендігінің куәсі. Бұл қазақ азаматы үшін де зор мерей десек болады.

Шыңғысхан Зухабатыр 1981-86-жылдары Германияда Түрік елшілігінде діни қызметкер болып қызмет істепті. Шыңғысхан қажы ағамыздың телегей-теңіз білімі, бабаларынан дарыған ұстамды мінезі, тұрашылдығы қазақы кен пейілі Түрік дипломатиясын дамытуға көрші елдерімен жылы қарым-қатынас орнатуға да аса қажет болғандығын осыдан аңғаруға болады.

Елшіліктің қызметінде болған жылдары Шыңғысхан ағамыз барған елдерінде Түрік елінің дін саласындағы реформаларын насихаттап, дін саласындағы ынтымақтастықты тереңдетуге өлшеусіз үлес қосыпты. Діни экстремизмнің қаупі кай кезде де тіпті сонау пайғамбарымыз-

дың (с.ғ.с) заманынан бері де сейілмегендігі белгілі. Шыңғыс ағамыз батыс елдеріне Исламның бейбіт дін екендігін, түрік тектес халықтың ұлттық болмысы ортақ, бейбіт, еңбеккер, имани таразысы биік ұлт екенін ұғындырды.

Осылайша, Түркия мемлекеттік ресми қызметтерін абыройлы атқарған Шыңғысхан ағамыз баба жұрты Тәуелсіздік алып жатқан тұста Алланың қалауымен, қызмет жолымен қазақ еліне оралады. Әсіресе, сол бір жылдары қазақтар исламмен қауышып, құлды бір шөл далада қайнар бұлақ тауып бас қойғандай күйде еді. Бабаларымыз ұстанған асыл дініміздің Әбу Ханафи мазаһымен Қожа Ахмет Яссауи бабамыздың дамытып кеткен ілімімен қауыштырып, сол жолға салу сол кездегі ең бір үлкен миссия еді. Осы шаруаның бастауында діндар Шыңғысхан Зухабатыр сынды тұлға тұрды.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы сол кезде Әзбекстаннан бөлініп жана құрылып жатқан-тын. Шыңғыс қажы ағамыз елшілікте қызмет атқара жүріп, Қазақстанды ислами діни кітаптармен қамту, қасиетті Құранның қазақша аудармасын жасату оны Қазақстанға әкелу қатарлы жұмыстарды өз қолымен күн демей, түн демей атқарды.

Елшілікте координатор бола жүріп, Шыңғыс ағамыз «Бейнелі намаз», «Құранды оқып үйрену», «Пайғамбарымыздың өмірбаяны» атты үш кітапты Анкараға аудартып, миллиондаған данамен Қазақ еліне тегін таратты. Халықтың дұрыс діни жолға түсуіне зор серпін тигізген үлкен қолғабыс, толағай еңбек еді бұл.

Шыңғысхан Зухабатыр ағамыз жасында қазақ тілінде білім алған жоқ. Түрік елінде сол кезде ондай мүмкіндік болмады. Бірақ жасынан отбасы тәрбиесінде қазақша сөйлегендіктен ана тілін ұмытпай, қай елге, қай жерге барса да қазақ іздеп, ұлт мұратын биік қойды.

Шыңғысхан ағамыз тек Қазақстанмен шектелмей, алғаш рет Мәскеу арқылы 1991 жылы Моңғолиядағы қазақтарды қажылыққа апарды. Моңғолиядан Түрік еліне жүздеген қазақ жасын оқуға апарғаны да осы жылдар еді. Сол түлектер бүгінде әр мемлекетте әр салада еңбек етіп жүр. Мұның өзі басқа елдің құрамындағы аз қазақтың діни руханиятын түгендеген, ұлы істің басы болды.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ағамыз кітап бастырып қана қоймай, түрлі бағдарламаға да қатысты. Жеті жыл бойы Қазақстан ұлттық арнасының «Таңшолпан»

бағдарламасында уағыз айтты. «Жұма күндері мемлекеттік Әнұраннан кейін азан айтып, Құран оқып бастаушы едім» дейді ағамыз. Халықтың рухы көтеріліп, рухани толысуына ықпал етсін деген ниет еді. Сол кездегі дін саласына бет бұрған ғалымдар мен мамандар, діни қызметкерлер Шыңғысхан қажының тшымды уағзын тыңдап, діни бағытын айқындады. Онлай уағыз айтудың басын осы Шыңғысхан қажы ағамыз бастаған екен.

1994 жылы белгілі жазушы Қалтай Мұхамеджанов Шыңғысхан Зухабатыр туралы алғаш Turkystan газетінде жазушы Нұрқасым Қазыбековке тапсырма беріп, көк көлемде мақала жаздырған еді. Сол кезде белгілі жазушы ағамыз «Қажы көп, бірақ Шыңғыс қажы жалғыз» деген тәмсіл айтса керек. Сол уақыттарда жұрт Шыңғысхан қажы ұстаздың уағыздарын күтіп отырады екен. Демек, Шыңғысхан ағамыз халықтың діни сауатын арттыруға бір кісідей үлес қосты деп айта аламыз.

Ол өзінің Қазақстандағы Түрік елшілігінің қызметінде алты жылғын діни координатор болып, жұмыс атқарды. Осы кезде ел ілгілігі үшін қыруар шаруа тындырды. «Сүйер ұлын болса сен сүй, сүйінерге жарар ол» деген ұлы Абай атамның айтқан сөзін осы жерде Шыңғысхан Зухабатыр ағамызға қаратып айтсақ, бек жарасар еді. Ағамыз Түркия діни басқармасындағы қызметін аяқтап, зейнеткерлікке шыққан соң Еуропа елдеріне Ислам діни бойынша насихат айтатын қызметке тағайындалды. Алайда көп өтпей-ақ бұл жұмыстан бас тартып, Қазақ елі үшін жұмыс істеуді мұрат тұтты. «Басқа елде сұлтан болғанша, өз елімде ұлтан болайын» деп Шыңғысхан ағамыз елге оралды.

Шыңғысхан қажы біраз жыл ҚМДБ-ға қарасты жоғарғы Ислам институтында басшылық қызметте болды. Бұл уақытта Исламнан ғылыми лекциялар (тәспір, хадис, ахиде, фикһ (шариғат), тасуаф, (суфизм руханият), снир шарип (пайғамбарымыздың өмірбаяны) оқып, жоғары білімді діни ғалымдар даярлау ісіне зор үлес қосты. Бұл аралықта Шыңғысхан ұстаз ағамыз елімізді діни кадрлармен қамту, имамдардың біліктілігін шыңдап, кәсіби дінтанушы, исламтанушы даярлау ісіне де өлшеусіз еңбек сіңірді.

«Талай өткелектен өттік. Ең басты ұстаным — исламды қазақтың дәстүрімен байланыстыра дамыту, Қожа Ахмет бабамыз ұстанған сара жолды жаңғырту болды» дейді Шыңғысхан ағамыз. Қазіргі аға буын имамдар, діни бағыт-бағдарын айқындаған басты толқын кадрлар осы Шыңғысхан ағамыздың шәкірттері десек қателеспейміз.

Бабаларынан бастап бар қазақты діни білім жолына үндеген, салтын сақтауды дәстүрді дәріптеуді мақсат еткен бір әулеттің ұрпағы Шыңғыс ағамыз қарапайымдылығы сондай, бабам Зухабатырдың ұрпағымын, пәлен елде елшілікте қызмет істедім, ананы-мынаны атқардым деп еңбегін пұлдаған жан емес. Білімді адамға тән қарапайымдылық, дипломатия саласы қайраткерлерінде болатын қырағалық пен мәмілешілдік Шыңғысхан ағамыздың бойында тұнып тұр.

Ағамыз жасы жетпіске таяса да қолынан қаламын тастаған жоқ. Шәкірттерімен бірге ол «Құранның» сөзбе-сөз қазақша аудармасын бұрындыры шығартқан болатын. Қазір сол еңбекті толықтырып, кемелдендіру үстінде. «Бабаларының туған жерінде отырып, оймама көп дүние оралды. Бабаларымыздың кіндік қаны тамған жердің қасиеті шығар», — дейді Шыңғысхан ағамыз.

Қазіргі ұрпақ көргіміз келетін абызға тән қасиеттер: көрегендік, даналық пен данышпандық, кеменгерлік, кемелдікті іздесек, Шыңғысхан Зухабатыр ақсақалдың бойынан іздейік. Басқа жұрттан абыз бен көсем іздегенше, өз ұлттымыздың кеменгерін ұлықтайық.

Аскерхан АҚТАЙ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

КӨШЕЛЕРГЕ КӨРІК КІРЕ БАСТАДЫ

Жетісу облысында «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында көп жұмыс атқарылуда. Өңірдің барлық елді мекенін қамтыған шарапатты шарадан экономиканың құрметі мен саналатын жолдардың бойы мен жиегі де тыс қалмады.

Болат АБАҒАН

лары ұйымдастырылды. Әзірге Алматы—Өскемен республикалық тасжолының Көксу, Ескелді аудандары мен Талдықорған қаласы аралығындағы ұзындығы 69,5 шақырым болатын бөлігінде абаттандыру және санитарлық тазалау жұмыстары жүргізілді. Көпшілік көңілінен шыққан



шараға 150 адам, 21 техника жұмылдырылды. 84 тонна қоқыс шығарылып, 5 шақырым қоршау сырланды, 4,5 шақырым арық желісі тазаланып, қураған ағаштар мен шөптер оталды. Соның арқасында

осы екі аралықтағы автобанның айналыс көзқотқатар күйге жетіп, көріктене түсті. Жол жиектерін тазалау одан әрі жалғасын тауып, Ақсу, Сарқан, Алакөл аудандарында да жаппай қолға алынды.

Жолмен бірге елді мекендердегі ғимараттардың сыртқы келбетін жақсарту, балаларға арналған ойын және спорт алаңдарын салу, аумақтарды көгалдандыру, тұрғын үй орамдарын абаттандыру бағытында аса ауқымды жұмыстар атқарылауда. Биыл облыстың аудандары мен қалаларын абаттандыру үшін жергілікті бюджеттен 5,5 млрд теңге бөлінді. Қазір қазынадан қарастырылған осы қосымша қаржы ретімен игерілуде. Соның арқасында жыл соңына дейін 122 аула абаттандырылады, 117 балалар және спорт алаңдары салынады, 44 көпқабатты тұрғын үйдің шатырлары мен қасбеттері жөнделеді, 24,1 шақырым арық желілері аршылып, қайта жөнделеді. Кейінгі жылдар көркі қашқан саябақтарға да кезек келгендей. Жоспар бойынша 8 саябаққа жөндеу жүргізіліп, 115 мың ағаш көшеті отырғызылмақ. Әзірге соның 59 мыңы егілді, қалған 56 мың күзгі кезеңде отырғызылады. Осы іс-шаралардың бәрі өңірдің тазалығын сақтап, келбетін көркейтуге үлкен ықпал етіп отыр.

Жетісу облысы

ТУРИСТІК ӘЛЕУЕТТІ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНСАҚ ИГІ

Атырау – туризмге сұранып тұрған аймақ. Табиғи байлығымен, тарихымен және мәдениетімен белгілі Атырауда әйгілі Тұздықөл, лотос аймағы, Нарын құмы, «Ақжайық» мемлекеттік табиғи резерваты, Сарайшық тарихи мекені бар. Алайда аймақта ішкі туризм көңілдегідей дамымай отыр.

Баян ЖАНҰЗАҚОВА

Күні кеше Атырауда «Ақжайық» мемлекеттік табиғи резерватының туристік маусымы ашылды. 15 жылға жуық жұмыс істеп келе жатқан резерваттың аумағы – 111 500 гектар. Жайық өзенінің Каспий теңізіне құяр сағасына жақын орналасқан мемлекеттік табиғи резерваттың негізгі мақсаты – осы мекендегі жануарлар, өсімдіктер мен құстардың алуан түрлерін сақтап қалу. Резерватқа туристер тұмса табиғат пен ұшқан құстардың тобын қызықтау үшін келеді. Сол себептен қызметкерлер туристер үшін құрлық пен суда саяхаттау бағытын дайындайды.

«Бүгінде жаяу жүргінші маршруты мен Жайық өзенінің теңізге құятын сағасында қайықпен серуендеу саяхатын ұйымдастырып отырмыз. Қайықпен серуендеу барысында туристер өзен жағасынан құстың сан алуан түрін тамашалай алады. Каспий теңізінің жағалауы мен Жайық өзенінің сулы-батпақты атырабында құстың 292 түрі, өсімдіктің 227 түрі тіркелген. Сондай-ақ тағы бір бағыт – өзен сағасының арнасымен ашық теңізге саяхаттау», – дейді «Ақжайық» мемлекеттік табиғи резерватының Экологиялық ағарту және туризм бөлімі басшысының міндетін атқарушы Аслан Таиров.

Спикердің айтуынша, резерваттың туристік маусымы күз айларына дейін жұмысын жалғастырады. Туристік маусымның ашылғаны жақсы, дегенмен «Ақжайық» резерваты кез келген уақытта басталып кетуі мүмкін дала өртінен өзін әлі күнге дейін қорғай алмай келеді. Оған себеп – арнайы техникалар мен күзет қызметінің жетіспеушілігі. Жақында ғана ел Үкіметі орман және дала өрттерін сөндіру кезінде



қиындықтарға тап болуы мүмкін аймақтарды атады. Ол тізімнің қатарында Атырау да бар. Мысалы, өрт сөндірушілерде тікұшақтар, тіпті су-жерүсті арнайы кемелері жоқ. Арнайы техниканың тапшылығы мәселесі бірнеше рет көтерілгенімен, әлі күнге дейін шешімін таппай келеді. Ресми деректерге сенсек, бүгінде ГЖД саласында 200-ден астам арнайы техника жетіспейді.

Атырау облысы әкімдігі Үкіметке осыдан тура бір жыл бұрын «Ақжайық» резерватына қатысты бірнеше мәселені алға тартқан болатын. Біріншіден, Каспий теңізінің солтүстік бөлігінде балық аулауға және аң аулауға тыйым салу, адамдардың қозғалысына жол бермеу үшін «Ақжайық» резерватының қорғалатын аумағын ұлғайту. Екіншіден, жұмысшылар штатын қалыптастыру, материалдық базаны нығайту, жергілікті бюджет есебінен қажеттінін бәрін сатып алу үшін оны әкімдіктің балансына алу. Үшіншіден, өрт қауіпі бар аумақта бейнебақылау камералары мен тепловизорларды орнату, сондай-ақ өрт сөндіру үшін тікұшақ сатып алу. Алайда әзірге бұл бағытта ешқандай қозғалыс байқалмай отыр.

Атырау облысының кәсіпкерлер палатасы жанындағы туризм және қызмет көрсету саласы жөніндегі кеңестің төрағасы Гүлжан Елешеваның айтуынша, бүгінде өңірдің туризм саласының дамуына теріс әсер ететін бірқатар проблемалық мәселе бар.

«Олардың қатарында – «Ақжайық» резерватындағы өрттер, Индер ауданындағы Тұздықөзде туристер

үшін қолайсыз экологиялық жағдайлар, атап айтқанда, күкіртсутек шығарындылары мен химиялық ағындар, облыстың туристік объектілеріне апаратын республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының жай-күйі және оларда санитарлық-гигиеналық талаптар мен орындардың болмауы үлкен проблема болып отыр. Бұдан басқа, сервис саласында кадрлар тапшылығы сезіледі, туристік объектілер, орналастыру, демалыс орындары және басқа да өзекті мәселелер туралы ақпараттың жеткіліксіздігі де өзінше бір проблема. Мұндай мәселелерді туризмді дамыту жөніндегі Жол картасының жобасына енгізу қажет», – дейді спикер Гүлжан Елешова.

Расмын де, сарапшылар Атырау облысында тиісті инфрақұрылымның жеткіліксіздігі туризм саласына кедергі келтіріп отырғанын алға тартуда. Олардың пікірінше, Атырау облысында туризм инфрақұрылымы жеткілікті деңгейде дамымаған. Жолдардың сапасы, қонақүйлердің саны мен сапасы, туристік қызметтер мен орындардың жеткіліксіздігі туристердің келуін шектейді. Сонымен бірге жарнаманың жоқтығы да қолбайлау болып отыр. Мәселен, Атырау облысының туристік потенциалы туралы ақпараттың жеткіліксіздігі ішкі және сыртқы туристерді тартуға кедергі келтіреді. Аймақтың табиғи және тарихи орындары туралы ақпаратты тарату үшін маркетингтік стратегиялар қажет. Үшіншіден, Каспий теңізінің экологиялық жағдайы және аймақтың табиғи ресурстарын сақтау мәселелері туризмнің дамуына кері

әсерін тигізуі мүмкін. Экологиялық туризмді дамыту үшін аймақта қоршаған ортаны қорғау шаралары күшейтілуі қажет. Төртіншіден, туристерге ұсынатын көрнекті орындар, мәдени шаралар мен экскурсиялар санының аздығы аймақтың тартымдылығын төмендетеді.

Атырау облысының кәсіпкерлер палатасы жанындағы туризм және қызмет көрсету саласы жөніндегі кеңестің төрағасы Гүлжан Елешеваның айтуынша, дәл қазіргі уақытта Атырауда экологиялық туризмді дамыту, жергілікті халықты тарту, туристік өнімдерді әртарапандыру мәселелеріне назар аудару маңызды.

«Атырауда экологиялық туризмді дамыту мәселесі өзекті. Табиғи ресурстарды сақтау және экологиялық туризмді дамыту мақсатында арнайы бағдарламалар мен шаралар қабылдау керек. Бұл туристердің қызығушылығын арттырып, аймақтың табиғи байлықтарын қорғауға көмектеседі. Сондай-ақ туризм саласында жергілікті тұрғындардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету үшін білім беру және оқыту бағдарламаларын ұйымдастыру қажет. Жергілікті халықтың туризм саласындағы кәсіпкерлікті дамытуға ынтасын арттыру маңызды. Үшіншіден, аймақтың туристік өнімдерін кеңейту үшін жана мәдени, тарихи және табиғи турлар мен шараларды ұйымдастыру қажет. Бұл туристердің қызығушылығын арттырып, аймаққа келушілер санын көбейтеді.

Атырау облысының ішкі туризмін дамыту үшін кешенді шаралар қабылдау маңызды. Инфрақұрылымды жақсарту, маркетингтік стратегияларды жүзеге асыру, экологиялық мәселелерді шешу, жергілікті халықты тарту және туристік өнімдерді әртарапандыру арқылы аймақтың туристік потенциалын арттыруға болады», – дейді Г.Елешова.

Айта кету керек, қазір Атырауда өңірдің туристік әлеуетін зерттеу мақсатында ғалымдар келіп жатыр. Өз-Фараби атындағы ҚазҰУ ғалымдары Жайық өзенінің Каспий теңізіне құяр сағасына жақын орналасқан «Ақжайық» мемлекеттік табиғи резерватына зерттеу жүргізуде.

«Былтыр Батыс Қазақстан облысының туристік әлеуетін зерттеу бағдарламасы аясында арнайы грант ұтып алдық. Осы бойынша қазір жұмыс істеп жатырмыз. Бүгін Атырау өлкесінің туристік инфрақұрылымына баға беру, ақпарат көзін оңдеу мақсатында сапарға шықтық. Себебі шетелдік туристерді есептемегенде, жергілікті халық көп біле бермейтін орындар бар. Осы кемшілікті жою үшін, БҚО-дағы туристік нысандарын анықтап, шолу жасалуда», – дейді өл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Тұрақты туризм даму» зертханасының кіші ғылыми маманы Азамат Бейсахмет.

Атырау облысы

«Объектілердегі IT қызметтері» қызметтерін сатып алу жөніндегі қайта ашық тендердің қорытындылары туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС – Қазақстан Республикасы, 050012, Алматы қаласы, Алматы ауданы, Сейфуллин даңғылы, 506/99 үй, БСН 130440012291, ТОО «Richfit International» (Ричфит Интернешнл) тендерлік өтінімі «Объектілердегі IT қызметтері» қызметтерін сатып алу бойынша қайта ашық тендердің жеңімпазы деп таниды.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-02-04.

«Қазақстан-Қытай» магистральды газқұбырының «Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Шымкент» ГТБ А және В желілері бойынша басқарылатын кран тораптары үшін 1 Ом аспайтын аспаптық жерге тұйықтау құрылысын техникалық қадағалау» қызметтерін сатып алу бойынша ашық тендердің нәтижелері туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Қазақстан-Қытай» магистральды газқұбырының «Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Шымкент» ГТБ А және В желілері бойынша басқарылатын кран тораптары үшін 1 Ом аспайтын аспаптық жерге тұйықтау құрылысын техникалық қадағалау» қызметтерін сатып алу бойынша ашық тендер өткізілмеді деп танылды.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-04-60.

«Әлімтау» КС-1 компрессор станциясының алаңында жаңа ғимараттар мен құрылыстарды салу, қолданыстағы ғимараттар мен құрылыстарды реконструкциялау және күрделі жөндеу» ЖЖ әзірлеу» жұмыстарын сатып алу бойынша ашық тендерді өткізу туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Әлімтау» КС-1 компрессор станциясының алаңында жаңа ғимараттар мен құрылыстарды салу, қолданыстағы ғимараттар мен құрылыстарды реконструкциялау және күрделі жөндеу» ЖЖ әзірлеу» жұмыстарын сатып алу бойынша ашық тендер өткізетіндігі туралы жариялайды (Лот саны – 1, жалпы сомасы 129 182 142,86 тенге, ҚҚС-сыз).

Сатып алынатын жұмыстар тізбесі мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайынан, 09:00-ден 13:00-ге дейін және 14:30-дан 18:30-ға дейін алуға болады.

Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкілінде сенімхаттың түпнұсқасы және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет.

Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайына ұсынады (жібереді).

Тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі 2024 жылғы 16 тамызда, сағ. 10:00-ге дейін.

Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2024 жылғы 16 тамызда, сағ. 11:00-де мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 605-конференц залы.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-04-60.

«Әлімтау» КС-1 вахталық кентінің алаңында жаңа ғимараттар мен құрылыстарды салу, қолданыстағы ғимараттар мен құрылыстарды реконструкциялау және күрделі жөндеу» ЖЖ әзірлеу» жұмыстарын сатып алу бойынша ашық тендерді өткізу туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Әлімтау» КС-1 вахталық кентінің алаңында жаңа ғимараттар мен құрылыстарды салу, қолданыстағы ғимараттар мен құрылыстарды реконструкциялау және күрделі жөндеу» ЖЖ әзірлеу» жұмыстарын сатып алу бойынша ашық тендер өткізетіндігі туралы жариялайды (Лот саны – 1, жалпы сомасы 102 456 428,57 тенге, ҚҚС-сыз).

Сатып алынатын жұмыстар тізбесі мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайынан, 09:00-ден 13:00-ге дейін және 14:30-дан 18:30-ға дейін алуға болады.

Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкілінде сенімхаттың түпнұсқасы және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет.

Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайына ұсынады (жібереді).

Тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі 2024 жылғы 16 тамызда, сағ. 10:00-ге дейін.

Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2024 жылғы 16 тамызда, сағ. 11:30-да мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 605-конференц залы.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-04-60.

«Rolls-Royce ГАА басқару жүйесінің CLCP басқару шкафтарына арналған жарылыстан қорғалған, салқындатқыш құрылысы» тауарларын сатып алу бойынша қайта ашық тендердің нәтижелері туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Rolls-Royce ГАА басқару жүйесінің CLCP басқару шкафтарына арналған жарылыстан қорғалған, салқындатқыш құрылысы» тауарларын сатып алу үшін №1-ден №3-ге дейін лоттары бойынша, «Стат Логистик Компания» ЖШС: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Сейфуллин даңғылы, 574 ғимарат, 050059, БСН 180440025738 жеңімпаз болып танылсын.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-04-60

Объявление об итогах повторного открытого тендера по закупке услуг «Услуги IT на объектах»

ТОО «Азиатский Газопровод» признает победителем повторного открытого тендера по закупке услуг «Услуги IT на объектах» – тендерную заявку ТОО «Richfit International» (Ричфит Интернешнл) – Республика Казахстан, 050012, город Алматы, Алмалинский район, пр. Сейфуллина, дом 506/99, помещение 6, БИН 130440012291.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-02-04.

Объявление о результатах открытого тендера по закупке услуги «Технический надзор за строительством Инструментального заземления не более 1 Ом для управляемых крановых узлов по ниткам А и В УТГ «Шымкент» ТОО «Азиатский Газопровод» магистрального газопровода «Казакстан-Китай»»

ТОО «Азиатский Газопровод» признает открытый тендер по закупке услуги «Технический надзор за строительством Инструментального заземления не более 1 Ом для управляемых крановых узлов по ниткам А и В УТГ «Шымкент» ТОО «Азиатский Газопровод» магистрального газопровода «Казакстан-Китай»» несостоявшимся.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-60.

Объявление о проведении закупки работ «Разработка РП «Строительство новых, реконструкция и капитальный ремонт существующих зданий и сооружений на площадке компрессорной станции КС-1 «Алимтау»»

ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет о проведении открытого тендера по закупке работ «Разработка РП «Строительство новых, реконструкция и капитальный ремонт существующих зданий и сооружений на площадке компрессорной станции КС-1 «Алимтау»» (Количество лотов – 1, на общую сумму 129 182 142,86 тенге без учета НДС).

Перечень закупаемых работ и их подробная спецификация указаны в тендерной документации. Копии тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604, с 09:00 – 13.00 ч. и с 14.30 – 18.30 ч.

Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности и копии документа, удостоверяющего личность.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 10:00 часов 16 августа 2024 года.

Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 11 часов 00 минут 16 августа 2024 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-60.

Объявление о проведении закупки работ «Разработка РП «Строительство новых, реконструкция и капитальный ремонт существующих зданий и сооружений на площадке вахтового поселка КС-1 «Алимтау»» способом открытого тендера

ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет о проведении открытого тендера по закупке работ «Разработка РП «Строительство новых, реконструкция и капитальный ремонт существующих зданий и сооружений на площадке вахтового поселка КС-1 «Алимтау»» (Количество лотов – 1, на общую сумму 102 456 428,57 тенге без учета НДС).

Перечень закупаемых работ и их подробная спецификация указаны в тендерной документации. Копии тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604, с 09:00 – 13.00 ч. и с 14.30 – 18.30 ч.

Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности и копии документа, удостоверяющего личность.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 10:00 часов 16 августа 2024 года.

Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 11 часов 30 минут 16 августа 2024 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-60.

Объявление о результатах повторного открытого тендера по закупке товаров «Устройство взрывозащищенное охлаждающее для шкафов управления CLCP системы управления ГПА Rolls-Royce»

ТОО «Азиатский Газопровод» признает победителем по закупке товаров «Устройство взрывозащищенное охлаждающее для шкафов управления CLCP системы управления ГПА Rolls-Royce» по лотам с №1 по №3 тендерную заявку ТОО «Стат Логистик Компания»: Алматы, Бостандықский район, проспект Сейфуллина, дом 574, 050059, БИН 180440025738.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-60.

Қазір қаланы былай қойғанда, ауылда асық атып ойнаған баланы көру таңсық дүниеге айналды. Ұлттық ойындарымыздың бірі болған асық ату биыл бірінші рет Дүниежүзілік көшпенділер ойыны қатарына енді. Асық жиған бала қатары азайса да, ұлттық ойынды одан әрі дәріптеуге барын салуды мақсат еткен Кәмиланың жетістіктері аз емес. Бұған дейін Әлем кубогі, Азия чемпионаттарында жүлдегер атанған Кәмила Даниярова тұңғыш рет көшпенділер ойынында бақ сынайды.

Кәмила ДАНИЯРОВА,
V Дүниежүзілік көшпенділер ойынына қатысушы:

АСЫҚ АТУ ҚАБІЛЕТТЕРДІ ШЫҢДАЙДЫ

СЫМБАТ БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Асық ату ойыны өз ішінде бес асық және асық ату болып екіге бөлінеді. Бес асық – қыздардың ойнайтын ойыны. Кәмила Даниярованың осы ойынмен айналысып келе жатқанына жеті жылдан астам уақыт болыпты. Әжесінің үйретуімен басталған ұлттық ойын мектептегі жарыстармен дами түсіп, биік белестерді бағындырумен жалғасқан. Осы жылы асық ойнаушылар қатыса алатын екі ауқымды жарыс белгіленген. Бірі – V Дүниежүзілік көшпенділер ойыны болса, екіншісі – әлем чемпионаты. Көшпенділер ойынына дейін еліміздің түкпір-түкпірінен асықты алшысынан түсіретін шеберлер, Қазақстан чемпиондары, халықаралық дәрежедегі жүлдегерлер іріктеуден өткен. Іріктеудегі жолдама Кәмилаға да бұйырды.

– Көшпенділер ойыны этносportты дамыту мақсатында ұйымдастырылып отырған халықаралық спорттық жарыс болғандықтан, дайындығымыз жоғары деңгейде өтіп жатыр. Соған сай керемет нәтиже көрсетеміз деген үміттеміз. Осы жылғы көшпенділер ойынына арнайы 5 оқу-жаттығу жиыны қойылған. Алматыда, Шымкентте, Қырғызстанда, Щучинскіде 4 оқу-жаттығу жиыны өтті. Енді соңғысы тамызда Астана қаласында өтеді. Күнделікті жаттығулар жаттықтырушыларымыздың қатаң бақылауында өтіп жатыр. Нәтижесінде, командалық есепте бірінші орынды аламыз деген ойдамын, – деді көшпенділер ойынына қатысушы К. Даниярова.

Ең алғашқы жарысы мектеп кезінен басталғанын айтқан ол бастапқы жүлделері ойынға деген құмарлығының артуына себеп болғанын тілге тиек етті. Кейіннен халықаралық жарыстарда бес асықты басқа да ұлттық тәжірибесінде сынап көріпті. Мәселен, Моңғолия, Қырғызстан, Түркия, Якутия мемлекеттерінің ойындарын ойнап, қазақы бес асықпен ұқсастықтарын байқаған. V Дүниежүзілік көшпенділер ойынына дейін өткен Азия чемпионаты, Әлем кубогі сияқты халықаралық жарыстарда кей мемлекеттер қазақтың ұлттық ойыны бес асықты ойнап, асық атып жүлделі орындармен қайтқан. Сонымен қатар ережесі бөлек өз ойындарын да қазақ спортшыларына көрсетіп, кішігірім жарыстар ұйымдастырған. Бес асық шебері Кәмила осылайша тәжірибе алмасу арқылы бес асықтағы деңгейлерін асырғанына және ұлттық дәстүрлі ойынның қайта жаңғырып жатқанына қуанатынын жеткізді.

– Бұл – бұрыннан келе жатқан ойын. Алайда шамамен 90-жылдардан бастап дәстүрлі ойынның ұмытылып кеткен жайы бар. Қыздардың бес асық

ойынын бұрын «бестас» немесе «шекмтас» деп атаған. Қазір сол ойындар жанарып, ережелеріне ортақ өзгеріс еніп, бес асық деген атпен ұлттық ойындарымыздың тізіміне қайта қосылды. Бүгінде ұлттық спортты, соның ішінде асық ату ойынын қайта дамытуға тырысып, үлкен үлес қосып жатқан Жомарт Сабыржанов, Ескендір Рахметов, Марат Исламбеков сияқты спорт жанаушыларының арқасында балалардың сүйікті ойынына айналып, мемлекеттің қолдауына ие болып отырғаны үлкен жетістік деп білемін. Енді оны әрі қарай дамыту біздің қолымызда, – деді ол.

Айта кету керек, көшпенділер ойынына қазір 89 елден өтінім келіп тұрған. Соған сәйкес асық ату ойыны бойынша бекітілген барлығына ортақ ереже бар.



Командалық есеппен өтетін ойын 150 ұпаймен жеңімпазды анықтайды. Кәмиланың айтуынша, көшпенділер ойынында ғана асық ату командалық есеппен өтеді, ал ел аумағында, қалалық турнирлерде жеке есеп бойынша өткізіледі.

– Бес асық ойыны 12 деңгейден тұрады. Оған қосымша ойынның соңында ұпай жинау деңгейі қосылады, сонда барлығы – 13 деңгей. Ойын ережесі бойынша барлық қатысушыға 15 минут уақыт берілген. Сол уақыттың ішінде бірінші 150 ұпай жинаған команда жеңіске жетеді. Оны былайша анықтайды: әр елден келген команда 3 ойыншыдан тұрады. Ойын тілінде айтқанда үш сақаға бөлінеді. Бірінші, әр командадан бір-бір ойыншы бір-біріне қарама-қарсы отырып ойынды бастайды. Егер ойнап отырған екі команда да 150 ұпайға жетпесе, онда ұпай саны көп болған тарап жеңімпаз атанады. Бір асық 10 ұпайға тең деп саналады. Осылайша, барлық жинаған ұпай 150-ге жеткенше немесе уақыт аяқталғанша ойын жалғаса береді, – деді Кәмила.

Ертеден келе жатқан ойын – баланы ептілікке, икемділікке баулитын тәрбие көзі. Асық ату арқылы баланың дене күші артады, денесі қатайып, шыңдала түседі. Көзі қырағыланады, зеректігі, тапқырлығы, ынтасы артады. Саусақ ойындары арқылы баланың қол моторикасы дамып, ойлау, есте сақтау, сондай-ақ көру қабілеттерін жақсартуға мүмкіндіктер бар. Кәмиланың айтуынша, асық ату ойынының бір ерекшелігі – жас талғамайды. «Біздің арамызда бес асықтан 50-60 жастағы апайлар бар. Олар қазір бес асық бойынша спорт шеберлері, Қазақстанның бірнеше дүркін чемпиондары» деп мысал келтірді. Асықты далада да, алаңда да, тіпті ғимарат ішінде де ойнауға өте ыңғайлы.

– Жарыстарға апаратын өзіннің асықтары бар. Өйткені жарыста асықтың көлеміне және өлшеміне қарайды. Жаңа бес асықты кіші де, үлкен де ойнайды дедім ғой. Сондықтан әр жасқа асық салмағы да әртүрлі болуы керек. Асықты бойытындар да бар. Оның барлығын бозу міндетті емес. Асықтың ішінен біреуі ғана ерекше болса жеткілікті. Оны «сақа» деп атаймыз. Тағы бір айтарым, қазір көптеген халықаралық жарыста қойдың табиғи асығымен ғана емес, жасанды асықтармен де ойнаймыз. Оларды өзіміз тапсырыс бойынша алдырамыз. Асық ату ұлттық спорт түрі ретінде енді ғана дамып келе жатыр. Оны келешек ұрпаққа мұра етіп атын ғана қалдырмай, уақыт өткен сайын дамытып, ойнаушылар аудиториясын кеңейтіп отыруымыз керек, – деді Кәмила.

Асық ату ер жігіттерді мергендікке, қайсарлыққа баулыса, бес асық ойыны қыздардың нәзіктігін, қылығын көрсетеді. Сондықтан биыл алғаш рет көшпенділер ойынының қатарына қосылған асық атуда қазақ қыз-жігіттерінің бойдағы қасиеттері айқын көрінері хақ.

ҰЛТТЫҚ СПОРТ МЕКТЕП БАҒДАРЛАМАСЫНА ЕНЕДІ

Асық ату – қазақ халқының ұлттық мәдениетінің төл өнері. Бұл ойынды еңбектеген баладан, еңкейген қартқа дейін ойнауға болады. Асық ойыны ақыл-ойдың дамуына әсер ете отырып, денені икемділікке бағыттайды және мергендік пен жылдамдықты, ептілікті қажет етеді. Асық ату бүгінде ел арасында ғана емес, өзге елде де кеңінен тарап келеді.

Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

Биыл наурыз айында елімізде Ұлттық спорт қауымдастығының жанынан Көшпенділердің асық спорты халықаралық федерациясы құрылды. Федерация ұлттық ойынымыз асық атуды әлем халықтарына насихаттаумен және байрақты бәсекелерді ұйымдастырумен айналысады. Сонымен қатар Дүниежүзілік этносport қауымдастығына ену мақсатын көздеп отыр.



Асық ату спорты елімізде алғаш рет өткізіліп отырған V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары қатарына енгізілді. Спорттың бұл түрінен бақ сынауға әлемнің 20-ға жуық елінен мергендер қатысады деп жоспарланған. Мамандар асық ату интеллектуалды ойын ғана емес, адамды физикалық шыңдайтын және көз бен сауықтардың қимылы арқылы денсаулыққа да пайдалы әсері көп спорт түрі дейді. Асық ату ойынын бұқаралық спорт ретінде дамыта отырып, алдымен балабақшалар мен мектептерге бағдарлама ретінде енгізу тетіктері біртіндеп қолға алынып жатыр.

Оқу-ағарту министрлігі Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының қолдауымен ұлттық ойындар арқылы педагогтердің кәсіби біліктілігі мен тәжірибелік дағдыларын жетілдіруге бағытталған жұмыстарды жүзеге асырылып, түрлі семинар ұйымдастырылуда.

– Ұлттық спорт түрлерін, соның ішінде асық ату ойынының «Бес асық», «Бестемше», «Үшбас», «Асық шерт», «Ханталапай» сияқты басқа да түрлерін біртіндеп мектеп, балабақша бағдарламасына енгізуге болады. Ол үшін алдымен денешынықтыру және спорт мамандарының тәжірибесін, дағдысын қалыптастыру қажет. Оқу-әдістемелік кеңес талқысы арқылы ғылыми айналымға түсіп, негіздемесі бекітіледі. Қазір асық ойындары тәжірибелік, методикалық жетілдірілу нәтижесінде халықаралық дәрежеге көтеріліп, Түркия, Чехия секілді елде түрлі жарыс ұйымдастырылуда, – деді Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының бас директорының міндетін атқарушы Сянзия Көптілеуова.

«Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасы аясында қазақтың ежелден келе жатқан дәстүрлі ұлттық ойындары балабақ-

шалар мен мектептерге инновациялық жоба ретінде енгізіліп, балалардың зияткерлік дағдысын жетілдіруде маңызды рөлге ие болып отыр. Мәселен, қазіргі күні «Бестемше» ұлттық ойынының мазмұны кеңейіп, мәні артып келеді.

– Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес бағдарламаның негізгі бағыты әр баланың қызығушылығын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде

оларды толыққанды дамытумен әлеуетін ашудың маңызы зор. Осы стандартқа сәйкес «Бестемше» үстел үсті ойыны инновациялық жоба ретінде мойындалып, қазір халықаралық дәрежеде көпшіліктің қызығушылығын тудырып отыр, – деді №5 «Ақбота» балабақшасының менеджерісі, Мөлдір Жолбарысова.

Елімізде ұлттық ойынды дәріптеп, дамуына сүбелі үлес қосқан азаматтардың бірі – Жомарт Сабыржанов. Ол асық ату ойынының ережесін реттеп, жүйеге келтірген азамат. Бүгінде асық атудан Қазақстан құрама командасының бас бапкері. Авторлар ұлттық спорт ойындарын бүгінгі уақыт талабына сай бейімдеп, ықшамдап ұсынуының бірнеше нұсқасын таныстырып, асық ойынының түрлі форматын ұсынып жүр.

– Асық ату ойынынан өтетін әлемдік додаға ұлттық құрама қызу дайындалып жатыр. Негізгі мақсатымыз – «Асық атудан», «Бес асықтан» бас бәйгені жеңіп алу. Солай отанымыздың дамуына өз үлесімізді қосу. Жалпы, асықтың насихаты жаман емес. Бүгінде 90 мыңдай жас асық атумен айналысады. 1119 бапкеріміз бар. 20 өңірдің 18-інде өзіміздің федерациямызды аштық. 60-тан аса асық атудан, «Бес асықтан» Қазақстан Республикасының спорт шебері деген атақтары бар. Соның ішінде 2 халықаралық дәрежедегі спорт шеберлеріміз бар, – деді Жомарт Сабыржанов.

Қазіргі күні ұлттық ойындарды дәріптеу және халықаралық деңгейде насихаттау, заманауи негізде жетілдіру бағытындағы ұсыныстарды министрліктің жанындағы Ұлттық орталықтың ғылыми-әдістемелік кеңесі қарап, инновациялық жоба ретінде мектепке дейінгі мекемелерге және орта білім бағдарламаларына енгізу мәселелері қолға алынбақ.



Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНУЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ
Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары
Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор
Елдар ҚАБА –
Секретарият меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙУЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫБАҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙУЛЫ –
Қарағанды облысы
Нәзгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баян ЖАНУЗАҚ –
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**
Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БОЛІМЕ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БОЛІМЕ:
8(717) 884-41-32
post@aiqyn.kz

Газеттің аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Талқысы №4474
Астана қ., «Медиа-Холдинг «ERNUR» ЖШС
Сметі көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Аматты-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ., «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114.